



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТТІҢ
ТОҒЫЗ ҚАБАТ,
ТОР КӨЗДІ САУЫТЫ»



«Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты», – депті заманымыздың заңғар жазушысы Шерхан Мұртаза. Мұндай теңеу заңның пәрмені күшті, қуаты зор болғандықтан айтылса керек. Расында, бұрынғы заман батырының қорғаны сауыт болса, бүгінгі заман адамының қорғаны – заң. Елдіктің іргетасы, егемендіктің алғышарты, мемлекеттің алтын тамыры болған Ата Заңымыз 27 жылдан бері Қазақстандағы адам құқығы мен мемлекет дамуының басты кепілі болып келеді.

(Соңы 2-бетте)

1 ҚЫРКҮЙЕК– БІЛІМ КҮНІ

ОҚУ ЖЫЛЫ ОЙДАҒЫДАЙ
БАСТАЛМАҚ

Санаулы күннен кейін, оқушы ұстазымен, ұстазы білім үйімен қауышады. Атаулы мереке салтанатты жиын ретінде аталып өтіледі. Өткізу форматын білім беру ұйымы өздері айқындайды. Білім күнінің маңыздылығын жастар санасына түсіндіру мақсатында 1-11 сыныптарда 2022 жылдың 1 қыркүйегінде балалар жылына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында сынып сағаттары, ашық сабақтар өткізіледі.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, биылғы 2022–2023 оқу жылында Қызылорда облысы бойынша 182 мың оқушы білім нәрімен сусындайды екен. Оларға сапалы білім беру үшін 295 мемлекеттік, 16 жекеменшік мектеп қызмет етеді. Бұл сандар өткен оқу маусымымен салыстырғанда бес мыңға көп. 2021–2022 оқу жылында 176 771 оқушы білім алған. Ал жаңадан мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндер саны 17 898 балаға жеткен. Журналистерге берген брифингте «Оқу жылы офлайн форматта бастау алады» деген Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Бердаулетов Бағдат Қамбозұлы эпидихуал қиындаған сәттегі шектеулер де назардан тыс қалмағанын айтты. Барлық білім беру ұйымдары қажетті санитарлық гигиеналық заттармен қамтылған. Ол үшін қазынадан 36,6 млн теңге қаржы қарастырылған.

Биылғы оқу жылының басты жаңалығы оқушылар 31 мамырға дейін білім алады. Бұл жайлы, «Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда 36 оқу аптасын құрайды», – деді басқарма басшысының орынбасары. Оқулық және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мәселесі де жоспарлы қарастырылған. Білім іздеген балаларымыз кітаптан тапшылық көрмеу үшін 13 баспамен 86 келісімшарт жасалыпты. Келісім негізінде 1,4 млрд теңге қаржыға 637 313 дана оқулық алыну керек болатын. Қазірде тиісті сала мамандарының айтуынша тасымалдау, тарату жұмыстары 25 тамызда толық аяқталған. Электронды білім беру жүйесі де назардан тыс қалмақ емес. Қолжетімді ғаламтормен жабдықталған, мектептердегі интернет мәселесі де 100 % шешілген. Қазірде барлық мектептерде 44 127 дана компьютерлік құрылғылар толық

(Соңы 6-бетте)

ЛЕБІЗ

КОНСТИТУЦИЯ
КҮНІ
ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті әріптестер!

Судьялар қауымдастығының атынан Сіздерді мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймыз!

1995 жылы қабылданған еліміздің Ата Заңы «Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жариялады.

Мемлекетіміздің демократиялық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, Конституция барлық прогрессивті қайта құруларға жол ашып, оның даму бағытын айқындады. Бұл елдің қоғамдық-саяси негіздерін қалыптастырудың, экономиканы, әлеуметтік саланы нығайтудың күрделі жолы болды.

Сот жүйесі үшін Конституция күні ерекше маңызға ие. Өйткені, судьялар конституциялық құндылықтарды, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды іске асырады. Бүгінгі таңда жаңа, әділетті Қазақстан құру үшін заңның үстемдігін, әділеттілік қағидатын қамтамасыз ету басты міндет болды және солай болып қала береді.

Қоғам сот жүйесінен мемлекеттік және құқық қорғау органдарынан азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін барынша қорғаудың кепілі болуы үшін нақты өзгерістерді, тиімді жұмыстарды күтеді. Бұл үлкен және жауапты міндет. Оның шешілуі қоғамның мемлекетке және сот билігіне деген сенімін арттырумен байланысты.

Сіздерді мерекемен құттықтай отырып, заң үстемдігін жүзеге асырудағы қызметте табыс тілейміз.

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы Судьялар
одағының төрағасы
Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының судьясы

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Бақыт НҰРМҰХАНОВ,
Қазақстан Республикасы
Конституциялық кеңесінің
аппарат басшысы:

«КЕЗ КЕЛГЕН
АЗАМАТТЫҢ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
СОТҚА ЖҮГІНУЕ
ҚҰҚЫҒЫ БАР»

– Бақыт Маратұлы, Ата Заңымыздың маңызы, оның ел өміріндегі орны қандай?

– Конституция – мемлекеттің негізгі заңы. Ол Қазақстан мемлекеттілігінің негізгі белгілерін бекітеді. Атап айтқанда, республиканы басқару нысаны, ондағы қалыптасқан демократиялық режим, қолданылатын құқық, адамның құқықтары мен міндеттері, мемлекетіміздің органдар жүйесі, олардың құрылу тәртібі, территориялық тұтастық, азаматтық, шекара қай елде болмасын дербес елдіктің белгілері. Әрине, Конституция деген ұғым кеңес заманында да болды. Қазақ КСР-ның 1926, 1937, 1978 жылғы негізгі заңдары болды. Бірақ сол кездерде мемлекетте Конституция өзінің негізгі орнын иеленбей, партия органдарының шешімдері шешуші рөл атқарды.

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТОҒЫЗ ҚАБАТ, ТОР КӨЗДІ САУЫТЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Конституцияның кез келген мемлекет үшін орны бөлек. Біздің Ата Заңымыз да жер шарына, адамзат ғаламына «Қазақстан» деген мемлекет бар екенін паш еткен ерекше құжат. Оның негізгі қағидалары барлық халықаралық стандарттарға сай жасалып, қоғам мен мемлекетті дамытудың заманауи үрдістерімен үйлесім тапқан.

Қазақстанның Конституциясы – үздік тәжірибелер мен терең зерттеулердің жемісі. Мұны әр елдің заңнамасын зерделеген ғалымдар пайымынан, айтқан пікірінен аңғару қиын емес. Осы зерттеушілердің Қазақстан Конституциясын әлемдегі жалпы адамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 конституцияның бірі деуінің өзі заңнама жасаушылардың жан-жақты еңбегінен хабар берсе керек.

1995 жылы 30 тамызда жалпыхалықтық референдумда қабылданған бұл құжатта әлемдік үрдіс, өркениеттік өлшеммен қоса ұлттық болмысымыз толық ескерілген. Халықтың көңілінен шығатын құжат болғаны да сондықтан. Ата Заңдағы 1-баптың «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп басталуы ел тұрғындарының сенімін арттырды. Ал мемлекеттің бағалайтынына, қорғайтынына сенген азаматтардың болашағын тек Қазақстанмен байланыстыратыны, бар күш-қайратын ел игілігіне жұмсайтыны күмәнсіз.

«Кеңескен істе кемшілік болмайды» деген халық даналығы дәл біздің Ата Заңымызға қаратып айтылғандай. Өйткені, 1995 жылғы Конституцияны талқылауға еліміздегі беделді заңгерлерден бөлек, Францияның Конституциялық кеңесінің өкілдері, Ресей зерттеу орталығының ең беделді заңгерлері атсалысқан. Одан бөлек, тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынған да, елдің көптеген пікірі ескерілген де осы заң. Статистикалық деректер көрсеткендей, құжатты талқылауға 3 млн 345 мың адам қатысқан. Жоба жасаушылар назарына жұртшылықтан 31 мың 886 ұсыныс түсіп, соның 1 мың 100-і конституция жобасына енгізілген екен. Бұл азаматтық қоғам белсенділігінің артқанын ғана емес, құқықтық сауатының өскенін айшықтайтын



Жұлдыз ЖАКЕЕВА,
Қызылорда қаласы
№2 сотының судьясы

дерек. Әрі тәуелсіз елдің басты заңын дайындау ісіне халықтың аса жауаптылықпен қарағанын, ортақ істен шет қалмағанын көрсетеді.

Конституция – Қазақстан халқын біріктіруші үлкен күш. Өйткені, дәл осы Ата Заңның алғашқы сөйлемінде «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып» деген сөздер мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық екенін көрсетеді.

Өрине, заман алға жылжыған сайын заңдардың жаңарып, өзгертулер мен толықтыруларды қажет ететіні қалыпты жағдай. Қоғам мен азаматтардың талабына сай бүгінгі күнге дейін Конституцияға да бес рет өзгеріс енгізілгені белгілі. Соңғы жаңғыртулар референдум арқылы республика халқының дауыс беруі нәтижесінде жүзеге асырылды. Осылайша сүперпрезиденттік басқару үлгісінен Президенттік республикаға түбегейлі көшуге, Парламенттің рөлін күшейтіп, мәртебесін арттыруға, ел басқару ісіне халықты қатыстыру мүмкіндігін кеңейтуге, азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіруге кадам жасалды. Әсіресе, Конституциялық соттың құрылып, еліміздің өлім жазасынан бас тартуы, адам құқықтары жөніндегі уәкілге ерекше иммунитеттің берілуі халықтың мүддесін ойлап, құқығын мейлінше мінсіз қорғауға серпін берері анық.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

БАС ҚҰЖАТТЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫ ПРЕЗИДЕНТТІК АРХИВТЕ САҚТАУЛЫ

Конституция – мемлекеттің басты заңы, оның негізінде еліміздің мемлекеттік, саяси, қоғамдық, экономикалық тетіктері қалыптасады. Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған болатын. Алайда, қоғамдағы түйткілді мәселелер мен азаматтық құқықтың мүмкіндіктерін анықтау үшін Конституцияның жаңа жобасы әзірленді. Конституциялық заңдар мен бірқатар мемлекеттік маңызды дүниелерді талқыға салу мақсатында 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум өткізу туралы шешім қабылданған. Конституцияға бес рет өзгеріс енгізілді. Соңғысы 2022 жылғы 5 маусымда өтті.

ҚР Президентінің 1995 жылғы 6 қыркүйектегі №2454 «Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы» Жарлығында: «Он екінші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің тоғызыншы сессиясында 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының мәтінінің түпнұсқасын мәңгілік сақтау үшін Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіне берілісін» – деп жазылған. Алайда, 2006 жылы Нұр-Сұлтан қаласында ҚР Ұлттық архив бой көтеріп, алғашқы Конституция Орталық мемлекеттік архивтен Ұлттық архивке мемлекеттік сақтауға өткізілді. Ал 1995 жылғы Конституцияның түпнұсқасы Президенттік архивте ерекше сақтауда.

Архив қоймасында қағаз құжаттарды сақтаудың өзіндік тәртіптеріне тоқталсақ, архивте құжаттар тұрақты әрі белгілі бір температурада жинақталып тұрады. Сонымен қатар, қоймада ылғалдылық нормасы сақталады. Құжаттармен танысатын деген зерттеушілер архивке келіп, сауалнама толтырып, зерттеуіне қажетті кез келген құжатты ала алады. Сұраныс жасаған құжаттарды біздің қызметкерлер қоймадан рет-ретімен жеткізіп береді.

2014 жылдан бастап архив «электрондық архив» бірыңғай ақпараттық-іздерту жүйесін толықтыру мақсатында қағаз құжаттар мен тізімдемелерді жаппай цифрландыруға кірісті. Бүгінде ҚР Президенттік архивінде 23 млн парақты құрайтын 192 мыңнан астам іс цифрландырылды. Сондықтан кейбір құжаттарды алу бойынша қорларға тапсырыс рәсімдерін толтырып уақыт өткізбей-ақ, оқу залында электронды нұсқасын алуға толық мүмкіндік бар.

Ел тарихындағы маңызды құжат саналатын Конституция ҚР Президентік архиві үшін де аса құнды. Сол себепті Конституцияның түпнұсқасы зерттеушілердің қолына берілмейді, алайда сандық нұсқасын алып көрінуе болады.

Ел тарихындағы маңызды күнді мерекелеу Ата Заңымыздың мәртебесін биіктетеді. Себебі, Конституция – еліміздің маңызды құжаты. Өзге заңдардың барлығы осы Конституция жолымен құрылады.

Конституциясы сауатты әрі жинақы жазылған елдің өзі де осал болмасы анық. Осы уақыт аралығында еліміздің Конституциясы адамдардың қауіпсіздігі, бостандығы мен құқықтарын шектемейтін азаматтық қоғам қалыптастырды деуге толық негіз бар.

Дайана ТОҚБЕРГЕНОВА,
ҚР Президенті Архивінің қоғаммен байланыс маманы

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай «Қоғам мен мемлекетті трансформациялау жағдайындағы конституциялық бақылаудың эволюциясы» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өтті. Іс-шараны Конституциялық кеңес, Еуропа Кеңесінің Венециялық комиссиясы, М.Нәрікбаев атындағы заң университеті және Нархоз университеті бірлесіп ұйымдастырды.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕН КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТҚА ДЕЙІН

Конституциялық Кеңестің төрағасы Қайрат Мәми іс-шараны аша отырып, қазіргі конституциялық реформа азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін күшейтуге ықпал ететінін атап өтті. «Бұл бағытта өтініш субъектілерінің тізбесін кеңейте отырып, Конституциялық кеңесті Конституциялық сотқа трансформациялау маңызды жаңалық болып табылады», – деді спикер.

Венеция комиссиясының атынан Армения Республикасы Ұлттық жиналысының Мемлекеттік-құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы, Комиссия мүшесі Владимир Варданың құттықтау сөз сөйледі. Сондай-ақ, Герман халықаралық құқықтық ынтымақтастық қорының (IRZ) Бас директоры Фрауке Бахлер және Еуропалық Одақтың Қазақстандағы елшісі Кестутис Янкаускас қатысушыларға құттықтау арнады.

Дөңгелек үстел бағдарламасы үш



сессиядан тұрды. Оған қатысушылар Конституциялық сот қызметінің құқықтық негіздерін, конституциялық шағым институтын құқықтық реттеудің тұжырымдамалық тәсілдерін, сондай-ақ Конституциялық сот ісін жүргізудің ерекшеліктерін және конституциялық бақылау органдары шешімдерінің орындалу мәселелерін талқылады.

Конституциялық сот туралы конституциялық заң жобасының негізгі ережелерімен Конституциялық кеңестің мүшесі Иоган Меркель таныстырды.

Форумда Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан Республикасының Конституциялық бақылау органдарының басшылары Мирза-Ұлықбек Абдусаломов, Эмиль Осконбаев, Абдулхафиз Абду Ашурзода, Германия Федералдық Конституциялық сотының судьясы Астрид Вальрабенштайн, сондай-ақ Молдова Конституциялық сотының экс-төрағасы Александру Тэнасе баяндама жасады.

Венеция комиссиясының өкілдері

болып табылатын шетелдік сарапшылар: Хорватия Конституциялық Сотының экс-төрағасы Жасна Омейек, Грузия Конституциялық сотының экс-төрағасы Георгий Папуашвили және Корея Конституциялық соты бас хатшысының орынбасары Чон-Вон Ким өз тәжірибелерімен бөлісті.

Қазақстандағы конституциялық өзгерістер мен жаңалықтар туралы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Э.Әзімова, Әділет Вице-Министрі А.Мұқанова, сондай-ақ, отандық құқық ғылымының өкілдері – профессор М.Бәшімов пен А.Қараев айтып берді.

Форум жұмысына Парламент депутаттары, Жоғарғы Сот судьялары, мемлекеттік органдардың басшылары, халықаралық ұйым, үкіметтік емес ұйымдардың және Қазақстанның ғылыми қоғамдастығының өкілдері қатысты.

ҚР Конституциялық кеңесінің
баспасөз қызметі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕН ҮМІТТІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ ТЕҢ

ратын лауазымдарына қарай жіктеледі. Өз кезегінде, саяси лауазымдарға тұру сайлану не тағайындалу арқылы жүзеге асырылады. Осы орайда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес сайланбалы және тағайындалатын лауазымдарды қоспағанда, барлық әкімшілік лауазымдарға іріктеу конкурсы арқылы жүзеге асырылады.

Іріктеу процедурасы бірнеше жүйелендірілген сатыдан тұрады, оның ішінде заңнаманы білу деңгейін анықтауға бағытталған тестілеу, кандидаттың жеке қасиеттерін бағалау және әңгімелесу бар. Аталған этаптардың барлығы неғұрлым лайықты мамандарды тең және бәсекелестік жағдайда таңдауға мүмкіндік береді.

Конкурстық іріктеу бойынша мемлекеттік әкімшілік лауазымдардағы қызметшілерді мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету тетігі де қарастырылған. Осы орайда, мемлекеттік қызметте меритократия қағидатының алар орны ерекше. Меритократия мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбегі мен жетістігін мойындап, қабілеті мен кәсіби дайырлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бабында ілгерілетілуін қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда, төмен тұрған лауазымда белгілі бір мерзімде жұмыс істеп, бір сағат жоғары тұрған лауазымға тағайындалу да осы меритократия арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында мемлекеттік органдар республика көлемінде 13,4 мың лауазымға конкурсы жариялап, қорытындысы



Жандос ХАСЕН,
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Мемлекеттік қызметті
өткеру департаментінің директоры

бойынша 7,3 мың адам тағайындалған. Олардың 66 пайызы меритократия қағидаты бойынша көтерілген.

Осылайша, қолданыстағы мемлекеттік қызмет туралы заңнама азаматтардың мемлекеттік қызметке «тең кіру» конституциялық құқығының толық көлемде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Ал, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметке тұруды қалайтын және осы жауапты салада істеп жатқан әрбір азаматтың конституциялық құқығын сақтап-қорғауға барын салатынына еш күмән жоқ.

ПАЙЫМ

ЕЛ ТІРЕГІ

Биыл ел тарихында елеулі орын алған, жарқын болашаққа бастау болған Конституцияның 27 жылдығын атап өткелі отырмыз. Ата Заңның нормалары – басқа заңдар үшін басты қағида болып есептеледі.

Конституция – қоғамдық және мемлекеттік құрылыс негіздерін, мемлекеттік органдар жүйесін, олардың түзелу реттілігі мен қызметін, азаматтардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын мемлекеттік заң. Әрбір азамат өзінің бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін Конституцияның әрбір нормасын пайдалана алады. Конституция еліміздің экономикалық, әлеуметтік және мәдени, рухани ахуал, мен халық игілігі үшін қарқынды дамуына қажетті жағдайларды айқындап берді. Негізгі заңда еліміздің ең жоғары құндылығы – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп көрсетілген.

Ата Заңымыздың бірінші бабына енгізілген төрт қағида арқылы Қазақстанның жан-жақты дамуына жол ашылған.

Біз осы негізгі заңымызды қабылдау арқылы дүниежүзі картасында жаңа мемлекеттің, яғни, болашақ Қазақстан Республикасының іргетасын қалағанымызды, картада ойып тұрып орын алғанымызды мақтан тұтып айта аламыз. Көпұлтты еліміздің тұтастығының, бірлігінің, достығының, бейбітшілік пен татулығының тетігін ұстап тұрған – Ата Заң.

Конституция мемлекет дамуына даңғыл жол салып, елге дұрыс бағдар берді. Бүгінгі жетістіктерге Ата Заңымыздың тиімділігінің арқасында қол жеткіздік. Сонымен қатар, құқықтық мемлекет қалыптастыру қағидалары қоғамда және азаматтардың санасында түпкілікті бекітіліп, өз жемісін беруде. Әрбір азамат бейбіт елдің алтын арқауы – Ата Заңымыздың талаптарын бұлжытпай орындаса алар асуымыз әр кезде биік, Мәңгілік елдің тұғыры бекем, шаңырағы берекелі болары сөзсіз.

Нұрлан НҰРМАХАНБЕТОВ,
Алматы облыстық кәмелетке толмағандар
ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

ЖАСЫЛ ЕЛ

Жақында Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Атмосфералық ауаның ластануын азайту, қалдықтарды қоршаған ортаға залалсыз ету, су ресурстарын және орман шаруашылығын басқару жүйесін жетілдіру секілді бірнеше маңызды мәселелерді көздейтін жобаның болашағы зор. Сондықтан «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы бүгінгі күні тікелей Үкіметтің қадағалауымен жүзеге асырылуда.

Осы орайда, айта кетсек, жоба қабылданғалы бері салада талай игі шаралар жүзеге асыпты. Мәселен, 2021 жылы 16 кәсіпорынның атмосфералық ауаға шығарған ластанушы заттар мөлшері 3%-ға азайған, ал 2022 жылдың 6 айында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,7%-ға төмендегені байқалып отыр. Бұл көрсеткіш еліміздің экологтары тарапынан жоғары бағалануда. Алдағы уақытта осы бағытта жұмыстар жасала берсе жұтқан ауамыздың сапасы әлдеқайда жақсы бола берері анық. Атап өтер жайт, ауа сапасын жақсартуға еліміздегі кәсіпорындар да өз үлесін қосып жақсы көрсеткішке қол жеткізіп отыр. Ол үшін биыл кәсіпорындар өз қаржысынан 15,4 млрд теңге бөлген көрінеді. Жалпы, кәсіпорындардың өздері қолданатын жабдықтарын да өзгерте отырып, ауаға таралатын зиянды заттарды барынша азайтуға тырысып отырғаны байқалады. Мысалы,

«ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН» – БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН ЖОБА

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ шаң тазалау жабдықтарын жаңартып, қазандық агрегаттарының электр сүзгілеріне жөндеу жүргізген. Бұл шығарындыны 1,1 мың тоннаға азайтуға мүмкіндік берген. Өктасты ұсақтау корпусының шаң тазалайтын жабдықтарын қайта құру және электр сүзгілерін орнату арқылы агломератты жентектеу аймағының газ жолын қайта жаңарту жұмыстары биыл аяқталған. Жалпы, еліміздегі кәсіпорындар бойынша әлі де болса бұл бағытта жұмыстар жүргізіп, ауаға таралатын қалдықтарды 2025 жылға дейін 30% пайызға төмендету көзделген көрінеді.

Ең ауасы лас қалалардың бірі Алматы қаласы екені белгілі. Сондықтан

жеке қалалардың да мәселесі жоба аясында жолға қойылуда. Мәселен, Алматы қаласындағы екінші жылу электр орталығын газға ауыстыру жоспарланып отыр. Бұл өзгеріс 2025 жылға қарай ластанушы заттар шығарындыларын 80% пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік береді деп күтілуде. Жалпы, жоба аясында бүгінгі күні атқарылып жатқан шаралар да, алдағы уақытта мақсат етіліп отырған меже де көңіл қуантады. Осы орайда айта кетсек, «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын іске асыруға 89,3 млрд теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен 27,6 млрд, жергілікті бюджеттен 15 млрд және бюджеттен тыс 46,7 млрд теңге көзделген екен. Ал биыл ұлттық жоба шараларын іске асы-

руға 160,9 млрд теңге жоспарланған. Осынау ақшалар өз орнын тапса, елімізде көптеген экологиялық мәселелер де шешімін табады еді.

Сонымен қатар еліміздегі 3005 полигонның 639-ы экологиялық нормаларға сәйкес келтірілгені Үкімет отырысында белгілі болды. Жалпы, елде қоқысты бөлек жинау үшін 3876 контейнер орнатылыпты. Нұр-Сұлтан қаласында құрылыс қалдықтарын жинауға және өңдеуге арналған арнайы алаңда «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы аясында салынған. Павлодар облысында «Былыздық» көлі аумағының ластануының алдын алу бағытында да жұмыстар жасалуда. Сондай-ақ, каналдарды тазалау жұмыстары жүргізіліп, соның ішінде Балқаш көлінің бассейнінде жаңарту жұмыстары жасалыну үстінде.

Сырдария өзенінің 50 шақырымы тазартылып, 22 арнаның су есебі сандық жүйеге көшкен. Осы шаралар арқасында Балқаш көліне шамамен 12 текше километр су ағымы қамтамасыз етіліп отыр. Мұның барлығы жасалынған жұмыстардың оң нәтиже беріп жатқанын көрсетеді. Экологиялық аймақтарымыз да басты назарда. Мәселен Солтүстік Арал теңізінің көлемі 20,6 текше километр деңгейінде сақталып, суару кезінде су шығыны 200 млн текше метрге қысқартылғанымен, көлемі 230 млн текше метрге су қосымша жинақталған. Жасыл желекті қалпына

келтіру бағытында да қыруар жұмыстар атқарылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қазіргі таңда 5 жыл ішінде 2 млрд түп ағаш отырғызу туралы ауқымды жоба іске асырылып жатыр. 2021 жылы 66 мың гектар алаңға шамамен 138 млн ағаш отырғызылып үлгерген. Алайда, биыл Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында қаржыландыру аз болғандықтан, жоспарлы көрсеткіш орындалмай қалуы мүмкін екені айтылғанымен Премьер-Министр «Өңірлердің әкімдіктері Қаржы министрлігімен бірлесіп, осы мәселені пысықтауын» тапсырды. Демек, бастапқы межедегі ағаштар отырғызылып мақсат орындалса еліміздің біраз аумағы жасыл желекке бөленеді.

Соңғы жылдары елімізде қоқыс көлемінің арта түскенін айтарлықтай мәселе тудырып отырғаны рас. Осы орайда Үкімет отырысында алдағы уақытта он мың халқы бар елді мекендерде қоқыс полигондарын салу туралы да тапсырма берілді. «Қоршаған ортаны жақсарту үшін келесі жылы 1 қантардан бастап ірі кәсіпорындарда эмиссиялар мониторингінің автоматты жүйесін енгізу қажеттігі туралы норма күшіне енеді. Аталған шара әрбір кәсіпорынның Индустрия министрлігі тұрғындарының саны 10 мыңға дейінгі елді мекендерде тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуді бастады», – деді Премьер-Министр Әлихан Смайылов. Демек алдағы уақытта экологиялық жағдайымызды одан әрі нашарлатып жатқан қоқыстардан құтылу жолдары қарастырылуда. Жалпы «Жасыл Қазақстан» жобасын еліміздің экологтары да жоғары бағалап отыр.

Қуаныш ЕРМЕКОВА

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ

XXI ғасырдың бірінші он жылдығының соңында Қазақстан әлемдік мемлекеттер қауымдастығының беделді, мойындалған мүшесі болды. Дегенмен, бұл нәтиже орасан зор күш-жігерді, қажыры еңбекті қажет етті.



1990 жылдардың басында КСРО ыдыраған кезде Қазақстандағы жағдай мүлде басқаша болды. Қазақстанның тәуелсіз сыртқы саясатының алғы шарттары егемендіктің қалыптасуымен бірге қалыптасты. 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Мемлекеттік егемендік туралы» Декларация қабылдады, онда еліміз алғаш рет халықаралық құқық субъектісі ретінде айқындалды. Бұл тарихи құжатта: «Қазақ КСР-і халықаралық қатынастардың дербес субъектісі ретінде әрекет етуге, өз мүддесіне сай сыртқы саясатты анықтауға, дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасуға, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға құқылы» деп жарияланды.

Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі қызметін жандандырудың бастауы РСФСР Сыртқы істер министрлігімен өзара әрекеттесу арқылы қаланды. Сонымен, 1991 жылы 17 тамызда (яғни, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеттің қарсаңында) Алматыға РКФСР Президенті Б.Н. Ельцин және Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев, екі егемен республиканың сыртқы істер министрлері Ақмарал Арыстанбекова мен Андрей Козырев Сыртқы істер министрліктері арасындағы ынтымақтастық және қызметті үйлестіру туралы хаттамаға қол қойды. Тараптар халықаралық және аймақтық мәселелерді талқылау үшін Алматы мен Мәскеуде тұрақты келіссөздер жүргізетін болып шешілді.

1990 жылдардың басында Қазақстан қысқа тарихи кезеңде сыртқы саясат саласында елеулі табыстарға қол жеткізді: Қазақстанның егемендігін әлемнің барлық елдері және халықаралық ұйымдар дерлік мойындады, көпвекторлы сыртқы саясат қалыптасты, еліміздің әлемдік қауымдастықта беделі артты.

Қазақстанның сыртқы саясаты әлемдік нарықтағы ауытқуларға және құбылмалы жаһандық және аймақтық тенденцияларға қатысты елдің нақты тәуелсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған парасатты және прагматикалық болуға ұмтылды. Қазірдің өзінде қалыптасу кезеңінде сыртқы саясатта геосаяси факторлар (әлемдік державалармен – Ресей және Қытаймен көршілестік, АҚШ-тың жаһандық рөлі), транзиттік позиция, теңіз жолдарына тікелей шығудың жоқтығы ескерілді. Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде орналасқан елдің геосаяси ерекшеліктері көпвекторлы сыртқы саясатқа, әртүрлі елдермен өзара тиімді қарым-қатынас орнатуға ықпал етті.

Қазақстанды 120 мемлекет таниды. Елімізде 68 елшілік пен халықаралық ұйымдардың өкілдігі тіркелген. Қазақстанның әлемнің 100-ден астам елінде дипломатиялық өкілдіктері бар және көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі. Қазақстан 70-тен астам халықаралық ұйымның мүшесі.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ӘСКЕР

Қазақстан 2030 жылға қарай әскери техниканы жаңартпақ. Бұл әскери-өнеркәсіптік кешеннің бірінші кезектегі міндеті. Жалпы, Қазақстан Қарулы Күштерін қайта жаңартқандыру жоспарында 2030 жылға дейін оларды жаңа, күрделі қару-жарақпен және әскери техникамен қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 20 тамыздағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарын құру мен дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының жаңа редакциясы бекітілді. Қарулы Күштерді техникалық жаңартандыруды жақсарту бойынша нақты тапсырмалар мен көрсеткіштерді, іске асыру кезеңдерін қамтиды. Сонымен қатар, 2018 жылы бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қайта қаруландыру және әскери-өнеркәсіптік кешенді дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы күшінде.

Бұл тұжырымдама Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарын қайта қаруландыру мүддесінде әскери-өнеркәсіптік кешенді дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, негізгі бағыттарын мен кезеңдерін айқындайды. Іс-шараларды іс жүзінде жүзеге асыру үшін, 2030 жылға дейін Қарулы Күштерді жаңа, күрделі және жаңартылған қару-жарақпен және әскери техникамен қайта жаңартандыру жоспары әзірленіп, Қорғаныс министрі 2021 жылғы 30

ҚАРУЛЫ КҮШІ МЫҚТЫ ЕЛ – ЖАСАМПАЗ

қыркүйекте бекітті.

Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовтың айтуынша, жоспар Қарулы Күштердің нақты қажеттіліктерін ескере отырып, заманауи жаңа қару-жарақ пен әскери техниканы қайта қаруландырудың қажетті қарқынын, сондай-ақ, Қарулы Күштердің жауынгерлік және техникалық дайындығының қажетті деңгейін қамтамасыз ете отырып әзірленген. Жоспар Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне отандық әскери-өнеркәсіп кешенін дамытуды және жүктеуді жоспарлау үшін жіберілді. Оны дамытудың негізгі құралдарының бірі мемлекеттік қорғаныс тапсырысы.

Жалпы, бүгінгі таңда айқындалып отырған қорғаныс өнеркәсібі

саласындағы басым міндеттер елдің күш құрылымдарының қажеттіліктеріне назар аудару және олардың көп жағдайда әскерде сұранысқа ие болмайтын өнімдерін таңбау, технологиялық даму деңгейін арттыру, экспорттық әлеуетті дамыту, бөлшектер мен қосалқы бөлшектер өндірісін жолға қою, қолданыстағы АМЕ паркі үшін зауыттық жөндеу қызметтерін кеңінен дамыту, жергілікті қамтуды арттыру, жасырын импорты жою, өндірілетін өнімнің диверсификациясын дамыту (өндіріс өнімінің номенклатурасын, оның ішінде азаматтық секторды кеңейту), лицензиялау жүйесін күшейту (нақтылау) арқылы қол жеткізуге болатын мамандандыру бойынша қорғаныс кәсіпорындарын неғұрлым



нақты бөлу (біріктіру), бүгінгі күні кәсіпорындар құзыреттілігі төмен кез келген шарттарды орындауға бейім, бұл келісімшарттардың уақытылы, сапасыз және кейде орындалмауына әкеледі, шетелдік аналогтарға қатысты өндірілген өнімнің өзіндік құнынан асып кету фактілерін алып тастау, отандық өнімді тікелей өндірумен байланысты емес көрсеткіштерді алып тастап, жергілікті қамту үлесін есептеу әдістемесін қайта өңдеу, жеке кәсіпорындар үшін үлесі 80-90 пайызға дейін жететін мемлекеттік тапсырыстарға ғана тәуелділікті азайту.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МАМАН ПІКІРІ:

Арнұр АХМЕТ, отставкадағы әскери қызметкер:

— Қазақстанда жас елге алдыңғы шептегі азулы мемлекетке айналу үшін қарулы күштерін нығайту – парыз. Бұл ретте, бізде жыл ара әскерді, қорғаныс саласын жаңа формамен жабдықтап жатады. Жаңа форма деген тек сыртқы түр. Негізі, айбынды елге айналу үшін қарулы күштердің қару-жарағы, техникасы, әскери базалары, құрал-жабдықтары әлемдік стандарттарға сай жаңа болуы қажет. Қазір технологиялар заманы. Әлем озық технологияларының мүмкіндігінің бәрін қорғаныс салаларына салып жатыр. Өуе қорғаныс саласын, жаяу әскер жабдықтарын өзге де бағыттарын сүйіншілеп көрсетіп, сонысымен мақтанысып отыр. Бүгінгідей соғыс жағдайында ол аса маңызды фактор. Қару-жарағы сақадай сай мемлекеттің азаматтарының да еңсесі тік болады. Ешкімге жәулетпемейді. Айбынды ел барлық жағынан айбынды болу керек. Түріктерді қараңыз, анау Израильдің өуе-қорғанысы қандай?! Бүкіл әлем тамсанып отыр. Сондықтан, бізге осы бағыттарда көптеген ізденістер қажет.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабына сәйкес, заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады. Еліміздің салық заңнамасы Конституцияға негізделеді.

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа енгізілді. Осы кодекс аясында азаматтарға басқарушылық шешімдерді қабылдау процесіне қатысуға мүмкіндік беріледі. Азаматтардың жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде өз құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері оңтайландырылды.

Әкімшілік соттарға салық заңдылықтарына қатысты түсіп жатқан даулардың басым бөлігін камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны заңсыз деп танып, күшін жою туралы талап қоюлар құрап отыр.

Сондықтан, камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны даулау тәртібіне тоқталып, зерделеп шығайық.

Салық кодексінің 96-бабында камералдық бақылау нәтижелері анықталған жағдайда салық органының және салық төлеушінің атқаратын қызметі мен камералдық бақылау нәтижелерін шағымдану мәселелері қаралған. Осы бапқа 2020 жылғы 1 қаңтарынан бастап келесі өзгерістер енгізілді:

- камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімнің нысаны және оны шығару мерзімдері белгіленді;
- салық төлеушіге камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімге шағымдану құқығы берілді.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауды салық төлеуші (салық агенті) ол тапсырылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Бұл мынандай қадамдардан тұрады:

1) хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіскен жағдайда – салық төлеушінің (салық агентінің) анықталған бұзушылықтарды: салық органдарында тіркеу есебіне қою; анықталған бұзушылықтар жататын салықтық кезең үшін хабарлама бойынша салықтық есептілікті ұсыну; салық төлеушінің қосылған күн салығын қайтару туралы талабы бойынша бұрын бюджеттен қайтарылған қосылған күн салығының сомасын бюджетке төлеу, және осы кодекстің 104-бабының 4-тармағын-

да көрсетілген мөлшерде өсімпұл төлеу арқылы жоюы;

2) хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда – осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберген салық органына анықталған бұзушылықтар бойынша жазған түсінікті қағаз немесе электрондық жеткізгіште ұсынуы.

Салық төлеуші заңды тұлғалар және (немесе) дара кәсіпкерлер жасаған заңды күшіне енген сот шешімі негізінде тіркелуі жарамсыз деп танылған мәмілелерде (операциялар) анықталған бұзушылықтарға түсінік ұсынуға құқылы емес.

Салық кодексінің 96-бабының 5-тармағына сай, камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған, осы баптың 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберу бойынша салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотқа шағым берілген жағдайда, салық төлеуші заңды күшіне енген сот шешімі негізінде тіркелуі (қайта тіркелуі) жарамсыз деп танылған заңды тұлғадан және (немесе) дара кәсіпкерден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алғанын дәлелдеуге құқылы екені көрсетілген.

Салық төлеушінің және салық агентінің салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған салық органына немесе сотқа шағым жасауға құқығы бар.

Уәкілетті органға немесе сотқа салық төлеушінің (салық агентінің) шағым (арыз) беруі тексеру нәтижелері туралы хабарламаның шағым жасалған бөлігінде орындалуын тоқтата тұрады. Салық төлеушілер сотқа шағым берген кезінде, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 136-бабының талаптарына сай, талап қою әкімшілік акт табыс етілген күннен бастап немесе осы кодекстың және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен назарына жеткізілген кезден бастап бір ай ішінде берілетінін ескеруі қажет.

Дәлелді себеппен өткізіп алынған талап қоюды беруге ар-



А.ШАРХАНОВ,
Түркістан облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

налған мерзімді сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің қағидалары бойынша қалпына келтіруі мүмкін. Талап қоюды сотқа беруге арналған мерзімді дәлелді себепсіз өткізіп алу, сондай-ақ, сотқа жүгірудің өтіп кеткен мерзімін қалпына келтірудің мүмкін болмауы талап қоюды қайтару үшін негіз болып табылады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны дау айту туралы талап қоюлар бойынша сот Салық кодексінің 96-бабының 5-тармағына сүйене отырып салық төлеушінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алғанын дәлелдеуге ұсынған құжаттарын зерттеп, тиісті заңды шешімін қабылдайды.

Әкімшілік сот ісін жүргізу – Соттың белсенді рөлі қағидаты негізінде жүзеге асырылады. Сот үшін осы қағидат – әкімшілік істі жан-жақты зерттеу үшін тараптардың өтініштері мен ұсыныстары негізінде және де өз бастамасымен қажетті дәлелдемелерді тиісті мемлекеттік органдардан, жеке немесе заңды тұлғалардан сұрау салып, алдыруға, қажетті мәліметтерді жинақтауға үлкен мүмкіндік береді.

Сондықтан, сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызды бар барлық нақты мән-жайды, оның ішінде кәсіпкердің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алғанын жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.



бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлықтың ұрпақ тәрбиесіне залал әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Мемлекеттің дамуына әділетсіздік танытқандарды ата-бабаларымыз да қатты сынаған. Олардың әділдік пен тұрағындықты ту еткендігін Төле би, Қашыбек би, Әйтеке билердің және басқа да би-шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Қоғамдағы көкейтесті мәселе болып, өзек жарды проблемаға айналып отырған сыбайлас жемқорлық – ел ішіне білінбей кірген індет, жау. Ал біздің осы жауға қарсы қолданар қауымыз – қоғам. «Қоғам – өмірдің айнасы»

ТАРАЗЫ

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін заңсыз қол сұғушылықтан қорғайтын орган – сот жүйесі.

МҰРАТЫМЫЗ – ТУРАЛЫҚТАН ТАЙМАУ

Ата Заңымызда айтылғандай, биліктің бір тармағы саналатын сот жүйесі елімізде адам құқығы мен бостандығы сақталуының, қоғамдағы тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз етудің бірден-бір кепілі. Сондай кепілдік пен әділеттілік болғанда ғана қоғам өркендейді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы 23 қазанда ҚР судьяларының VIII съезіне қатысып, еліміздегі сот жүйесінің дамуы және судьялардың мәртебесі туралы ойларымен бөлісті. Президент атап өткен мәселенің түйінін тарқататын болсақ, соттың әділ және тазалық принциптеріне берік болуы үшін қоғам мен мемлекет бірлесе күш жұмсауы қажет. Президент съезде жасаған баяндамасында судьялардың кәсіби деңгейі мен сот ісінің сапасына тоқтала келіп, бірқатар басымдықтарды алға қойды. Сонымен қоса, Мемлекет басшысы судья болуға үміткерлерге талаптарды халықаралық тәжірибеге сәйкес күшейту; кандидаттарды іріктеудің жана жолдарын қарастыру; сот үрдісіндегі қағазбастылықты шектеп, барынша оңтайландыру және халыққа ыңғайлы қылу; түрлі дау-дамайларды шешуде бітімгершілік тетіктерін қосуды тапсырды.

Президенттің Кеңесте берген тапсырмасынан кейін сот реформасын заңнама тұрғысынан қамтамасыз ету үшін ҚР Парламенті Мәжілісінің арнайы отырысы өтті. Жиында сот жүйесі мен судья мәртебесіне қатысты бірқатар заң жобалары мақұлданды. Атап айтқанда, «Сот жүйесі мен судья мәртебесі» туралы Конституциялық заңға түзетулер енгізілді. Онда Жоғарғы Соттағы әкімшілік істер жөніндегі сот алқасын құру және қазіргі мамандандырылған сот алқасын тарату көзделген.

Жаңа заң жобасында Жоғарғы Сот төрағасы және Жоғарғы Сот судьяларына қойылатын талаптар өзгертіліп, енді олардың біліктілік емтиханын алып тастау, заң мамандығы бойынша кемінде жиырма жыл жұмыс өтілін де жою ұсынылған. Сот жүйесін жаңғырту туралы заң жобасында инвесторлар қатысатын дауларды қарау сатылығы қайта қарастырылды. Сонымен қоса, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекске бірқатар өзгерістер енгізіліп, оны «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңына сәйкес келтіру көзделіп отыр.

Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асанов еліміздегі сот жүйесі қызметкерлеріне мейлінше ашық, анық үндеу жарыялап, барша қазақстандықтардың, бизнес өкілдері мен инвесторлардың және бүкіл әлемдік қауымдастықтың сотқа деген сенімін жоғарылату міндетін алға қойды. Осындай мақсаты айқын міндеттердің нәтижесінде қазір сот саласы уақыт талабына сай

жана деңгейге көтерілді. Қара қылды как жарған кешегі билердің бүгінгі ізбасарлары дауды оңтайлы шешуге де атсалысып, араздасқан ағайынды татуластыруға, ел бірлігін нығайтуға да өзіндік үлес қосып келеді.

Сот судьялары мыңдаған адамның тағдыры мен дауын шешіп, олардың құқығы мен бостандығын қорғау жолындағы жанкешті еңбектің нәтижесінде халықтың сотқа деген сенімі нығайды. Бүгінгі күні сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында «Төрелік», «Сот кабинеті» сынды сервистер енгізілгендігін атап өткен жөн. Заманауи сервистер шын мәнісінде сот төрелігін неғұрлым ашық еткен ғаламат құралға айналды. Сот процесінің әрбір қатысушысы қазір «Сот кабинетіне» кіріп, процестің бейне және дыбыс жазбаларымен таныса алады. Сонымен қатар, бұл жүйе процессуалдық нормалар мен сот этикасын мүлтіксіз сақтауды талап етеді. Процеске қатысушылардың іс материалдарымен танысуына, кез келген сот сатысында істі қараудың уақыты мен орнынан хабар алып отыруына мүмкіндіктер жасалған.

Сот залына кірген судья бір сәтке ағайын-туыс, жора-жолдас атаулыны ұмытып, тек заңға ғана бағынып, ар-ұятына ғана жүгінуі керек. Данышпан Абай: «Ұят деген – адамның өз бойындағы адамшылығы», – деген екен. Ендеше, ар-ұяттан, адамшылықтан аттамау – сот үшін бұлжымайтын ереже. Ар-ұятпен бірге айтылатын тағы бір қасиетті ұғым – ар-иман. Тағы сол Абай ағамыз айтқандай: «Иман сақтауға – қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас бұын керек». Себебі бізге келген кісілер «мен әділет үйіне келдім, ол жерде мені күтеді, түсінеді, қабылдайды, мәселемді әділ шешеді» деп сенеді. Сондықтан осындай құрмет пен сенімді ақтап, өз қызметімізді тиісті дәрежеде атқару біздің басты міндетіміз хәм парызымыз.

САМАНТАЕВ,
Жалағаш аудандық сотының
судьясы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ



ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ҚАЙТСЕК ЖЕҢЕМІЗ?

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекеlestік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Мемлекеттің қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби елестілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта

танытпай, жұмыс жүргізбеуі жемқорлықтың тамырын терендеті түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаяуына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке көп болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері

біелеу міндеті қойылып отыр. Өйткені, азаматтардың өз құқықтарын жақсы білуі қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптасуына бірден бір ықпал ететін фактор болып табылады. Мұның бәрі елімізде құқықтық мемлекеттің іс жүзінде орнауына, заң үстемдігіне, әр адамның қауіпсіз өмір сүруіне, қоғамдық тәртіптің нығаюына, әлеуметтік ахуалдың жақсаруына, ең бастысы ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және тұрақты дамуға жеткізеді. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру маңызды.

Жемқорлықпен күресті әрбір адам өзінен бастауы тиіс. Әр адам қандай қызмет істесе де: «Мен еліме не беремін, осы қоғамның, мемлекеттің дамуы үшін қандай үлес қосамын», – дейтін болса, кеселді толық жеңе аламыз. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дертті тоқтатудың амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа қарсы тұруға болады.

Асылай ЕГИНБАЙҚЫЗЫ,
Атырау облыстық қылмыстық
істер жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының сот приставы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Конституцияға, құқықтық мемлекет принциптерін орнықтыруға деген нағыз бетбұрыс тәуелсіздік жылдары қалыптаса бастады.

1991 жылы тәуелсіздік алған кездегі 1978 жылғы Конституция жаңа заман талаптарына жауап бере алмады. Сондықтан 1993 жылы Қазақстан өзінің алғашқы негізгі заңын қабылдады. Бұл құжат компромисті құжат болып, сол кездегі бой көтерген саяси күштердің арасындағы келісім актісі ретінде қалыптасты. Сөйтіп, біраз уақыт өтпей жатып, өзінің әлсіздігін көрсетті. Сондықтан араға бір жарым жылдай уақыт салып, қазіргі қолданыстағы Конституцияны қабылдау қажеттілігі туындады.

– **Конституциялық бақылау органының да қажет екені осы кезде білінді ме?**

– Жалпы заңнаманың, құқық қолдану тәжірибесінің конституциялық талаптарға сәйкес келуін қадағалауды жүзеге асыратын органдар жиырмамыншы ғасырдың басында Еуропа елдерінде қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушылардың бірі – белгілі австриялық заңгер, құқықтанушы Ганс Кельзен деген ғалым. Ғалымның айтуынша, конституциялық мәселелермен айналысатын арнайы, ешбір билік тармағына кірмейтін жеке дербес орган болуы керек. Осыдан екі жыл бұрын ғана Австрияның Конституциялық соты жүз жылдығын атап өтті. Мұндай ұйымдар Австриядан кейін Чехияда, Югославияда құрылды. Кейінірек Берлин қабырғасы құлағаннан кейін бұл үрдіс Шығыс Еуропа елдеріне қарай жайылды. Одан әрі қарай конституциялық соттар КСРО тарағаннан кейін посткеңестік кеңістікте құрыла бастады. КСРО тұрған кезде конституциялық қадағалау комитеті құрылып, бұл органның әрбір одақтас республикада болуы міндеттелді.

Қазақ КСР-інде де конституциялық қадағалау комитетінің құқықтық негіздері қаланды. Бірақ іс жүзінде ол жұмыс істеп үлгермеді. Тек 1993 жылғы алғашқы Конституциямызда Конституциялық сот институты көрініс тапты. Бұл құрылым 1992–1995 жылдар аралығында жұмыс істеді. 1995 жылы қазіргі Конституция жобасын дайындауға қатысқан шетелдік сарапшылардың ішінде Роллан Диома және Жак Аттали деген француздық мамандар болды. Солардың әсері ме, әлде басқа жағдайлар себеп болды ма, Конституциялық сот Конституциялық кеңеске ауыстырылды. Жалпы, халықаралық тәжірибеде бұл органдар Конституциялық кеңес, Конституциялық сот, Конституциялық трибунал деп әртүрлі аталады. Ауғанстанда конституцияның жүзеге асуын бақылайтын тәуелсіз комиссия дейтін құрылым бар. Көптеген елдерде бұл функцияны жалпы соттар атқарады. Мәселен, АҚШ-та ол Жоғарғы Сотқа жүктелген. Бұл құрылымның әр елдегі атауы бөлек болғанымен, миссиялары бір. Ол – заңнаманың, құқық қолдану тәжірибесінің конституциялық талаптарға сәйкес келуін қадағалау, Парламент қабылдаған заңдардың Ата Заң талаптарына сәйкестігін тексеру, мемлекеттік органдар арасында туған конституциялық-құқықтық дауларды шешу, олардың өкілеттіктерінің ара-жігін ажырату, Президент, Парламент сайлауларының дұрыстығын қадағалау, Конституция нормаларына ресми түсіндірме беру, халықаралық шарттардың ратификация алдында конституциялық талаптарға сәйкестігін зерделеу. Сондықтан олардың өкілеттігі өте ұқсас. Жалпы, қазір 120-ға жуық елде конституциялық бақылау органы құрылса, соның 80-ге жуығында Конституциялық сот, 12-де Конституциялық кеңес жұмыс жасайды.

– **Енді біздің елімізде референдум нәтижесінде Конституциялық кеңес қайтадан Конституциялық сотқа айналғалы отыр. Мұндағы мақсат не?**

– Бұл ретте әлемдік озық тәжірибе негізге алынды. Дамыған елдерде соңғы жиырма жылда жеке азаматтардың конституциялық органдарға қол жеткізуді кеңейтуге ұмтылыс байқалады. Бұл құқықтық мемлекеттің алғышарты. Еліміздегі Конституциялық кеңеске азаматтар тікелей жүгіне алмады. Олар өз құқықтарын қорғау үшін Кеңеске тек жалпы соттар арқылы шығуға мәжбүр болды. Яғни, азаматтар соттарда қаралып жатқан қандай да бір азаматтық, қылмыстық, әкімшілік, басқа да істерді шешу үшін қолданылған белгілі бір заңның конституциялылығына күмән болса, судьяға істі тоқтата тұрып, Конституциялық кеңеске жүгінуді сұрайды. Өтінішін судья қанағаттандырмаса, ары қарай ештенге істей алмайды. Ал, судьялар болса конституциялық қайшылық көрсе ғана Конституциялық кеңеске жүгінеді. Көріп отырғанымыздай, бұл ретте азаматтар тілегі арқашан қабыл бола бермейді. Бұған соңғы 27 жылдың ішінде Конституциялық кеңеске соттардан бар-жоғы 78 ұсыныс түскені дәлел бола алады. Заңгерлермен, адвокаттар-



Бақыт НҰРМҰХАНОВ,
Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің
аппарат басшысы:

мен, азаматтармен пікірлескен кезде де соттардың көбіне мұндай өтініштерді қанағаттандырмайтынын айтады.

– **Бұл жерде судьяның біліктілігі де рөл ойнайтын болар? Оның Конституция талаптарына заңның сәйкестігін зерделеуге құзыры жоқ қой.**

– Бұл да мүмкін. Мұны көршілес елдердің тәжірибесіне қарап, зерделеп отырмай. Айталық Ресейде нақты қылмыстық істі қарау кезінде судья осындай өтінішті қанағаттандырудан бас тартып, оған тартылған азамат ісі қаралып біткеннен кейін өз бетімен заңды даулап, Конституциялық сотқа жүгініп, нәтижесінде сол заң конституциялық емес деп танылған фактілер болған. Елімізде Конституциялық сотты құрудың арқасында азаматтардың оған тікелей жүгінуге құқы пайда болып отыр. Енді азамат заң Конституцияға сәйкес емес деп күмәнданса, сотқа тәуелді болмайды. Конституциялық сотқа тікелей шығып, күмәнданған заң нормасын тексерте алады.

Бұдан өзге Конституциялық сотқа жүгінудің тағы екі арнасы ашылып отыр. Олар Бас прокуратура және омбудсмен арқылы даулау мүмкіндігі. Республика Президенті де күшіне енген заңдарды Конституциялық сотта даулай алады. Бұл жерде Мемлекет басшысы өз еркімен де және келіп түскен азаматтардың арыз-шағымдарын қорытындылаудың нәтижесі бойынша да осындай өтініш енгізуі мүмкін. Осының бәрі азаматтардың конституциялық құқы мен мүддесін тиімді қорғау үшін енгізіліп отырған шаралар.

– **Конституциялық кеңестің Конституциялық сотқа айналуы үшін белгілі бір дайындық шаралары қажет шыар?**

– Конституциялық кеңес құрылып, жұмыс істеген 27 жыл ішінде еліміздегі құқықтық мемлекет принциптерінің қалыптасуына елеулі үлес қосты. Болашақта да Конституциялық кеңестің шешімдері өзінің заңды күшін сақтайтын болады. Ол тікелей референдумда қабылданған заңда айтылған. Енді Конституциялық сот қазіргі Конституциялық кеңестің бүкіл өкілеттігін алып отыр. Қосымша қосылған өкілеттіктер атап өткен азаматтардың, Бас прокурордың және омбудсменнің өтінішін қарау. Енді Конституциялық сот жұмыс жасау үшін жеке Конституциялық заң қабылдану қажет. Онда Конституциялық соттың мәртебесі, судьяларына қойылатын талаптар, жұмыс істеу принциптері, конституциялық іс жүргізу сатылары, Конституциялық соттың шешімдері және түрлері, өкілеттіктері және басқа мәселелері қарастырылады. Бұл заң жобасы дайын. Негізгі әзірлеуші – Әділет министрлігі.

Конституциялық кеңес бұл шараға белсене қатысты. Осы Конституциялық

заң қабылданғаннан кейін Конституциялық соттың ішкі мәселелері егжей-тегжейлі қарастырылатын регламент қабылдануы тиіс. Қазір оның да жобасы дайындалып жатыр. Бұған қоса Конституциялық соттың судьялар саны өскенін білесіздер. Конституциялық кеңес жеті мүшеден тұрса, Конституциялық сот құрамында 11 судья жұмыс істейтін болады. Конституциялық соттың жұмысы бірнеше есе ұлғаяды. Өйткені, халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай органдарға негізінен азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері көп түседі. Қазір кеңес аппаратында 25 адам жұмыс істеп жатыр. Олардың да саны арттырылады. Өйткені, келіп түскен өтініштердің формальды талаптарға сәйкестігін тексеретін бірінші сүзгі – осы аппарат. Қазіргі таңда Конституциялық сот орналасатын жаңа ғимарат салынып жатыр. Ол биыл аяқталуы тиіс. Осы ша-

Елімізде Конституциялық сотты құрудың арқасында азаматтардың оған тікелей жүгінуге құқы пайда болып отыр. Енді азамат заң Конституцияға сәйкес емес деп күмәнданса, сотқа тәуелді болмайды. Конституциялық сотқа тікелей шығып, күмәнданған заң нормасын тексерте алады.

ралардың барлығы талапқа сай жүріп, келесі жылдың басынан бастап Конституциялық соттың тиісті деңгейде жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасайды деп ойлаймын.

– **Судьяларға қандай талап қойылады?**

– Конституциялық сотты тағайындау тәртібі Конституцияның 71-бабында дәйектелген. Бұл органның төрағасын Президент Сенаттың келісімімен және төрт судьядың өз ықтиярымен тағайындайды. 3 судьядан 6 судьяны Сенат пен Мәжіліс бекітеді. Бұл процесс осылай әртүрлі билік өкілдерінің қатысуы Конституциялық соттың бейтараптылығын, тәуелсіздігін, объективтілігін қамтамасыз ету үшін көзделді. Жалпы, халықаралық тәжірибеде Конституциялық сот судьясы заңгер мансабының шыны деп айтуға болады. Қазіргі таңда Конституциялық кеңес мүшесі лауазымдарына үлкен өмірлік тәжірибесі бар, Парламент депутаты болған, Бас прокуратураның, Жоғарғы Соттың басшылығында болған азаматтар немесе елімізге танымал ғалымдар тағайындалып келді. Меніңше бұл үрдіс болашақта да сақталады. Қазіргі заң жобасы бойынша, судьялардан Қазақстан Республикасының азаматы болуы, 40 жасқа толуы, заң саласында кемінде 15 жыл қызмет өтілінің қажеттігі, моральдық келбетінің тазалығы және құқық саласындағы біліктілігінің жоға-

рылығы талап етіледі. Олар алты жылға тағайындалады.

– **Конституциялық соттың тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай кепілдіктер қарастырылған?**

– Конституциялық кеңес судьялары тек Ата Заңға бағынады. Бұл «Конституциялық сот туралы» заң жобасында айтылған. Екіншіден, осы құжатта айқындалған судьялардың теңдігі, олардың құзыретіне қол сұғылмайтындығы, тәуелсіздігі, мәселелерді алқалы түрде көпшілік дауыспен шешуі, қызметіне ешкімнің араласуына жол берілмеуі, мұндай әрекетке Қылмыстық кодексте арнайы баптың қарастырылуы, қаралған іс бойынша ешкімге жауап бермеуі, ешкімнің есеп ала алмайтыны, қабылданған шешімге білдірген құқықтық позициясы үшін қудаланбауы Конституциялық соттың тәуелсіздігінің белгілері. Бұған қосымша материалдық кепілдіктер де бар. Мысалы, Конституциялық сот республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

– **Жалпы, Конституциялық сотқа барлық заңнамалар бойынша жүгінуге бола ма? Ол қандай негіздерге сүйенуі тиіс?**

– Конституциялық соттардың жұмысын зерделеп, белгілі талаптар қалыптастырып жүрген халықаралық органның бірі – Еуропа кеңесінің венециялық комиссиясы. Осы құрылым жасаған тұжырымға сүйенсек, заңның конституциялық талаптарға сәйкестігіне қатысты ақылға қонымды күмәннің болуы Конс-

титудиялық органға жүгінуге жеткілікті негіз болып табылады. Сондықтан егер тарап мынау конституциялық талапқа қайшы келіп тұр десе, судья қайшы емес деп айта алмайды, өйткені, ол конституциялық құқықтың маманы емес. Ол істі тоқтата тұрып, Конституциялық сотқа жүгінгені дұрыс. Өйткені Конституциялық сот арнайы сол үшін құрылған мемлекеттік орган.

Өмірде алып қарасак, мысал үшін, көптеген заңдар адамның құқығын шектейді. Сол шектеулер қандай максатта енгізілді, олар барабар, мөлшерлес пе, немесе тым қатал емес пе, әділетті ме? Конституция қойған талап бойынша мұндай шектеулер тек заңмен белгіленеді. Қазір көріп жүргеніміздей, кейбір шектеулер заңға тәуелді актілермен, яғни үкіметтің шешімімен немесе министрліктің бұйрығымен белгіленеді.

– **Осы Конституциялық сот-**

мыс жүреді. Көптеген елдердің Конституциялық соттары өз сайтында өтініштің үлігісін орналастырып қояды. Бізде де азаматтарға осындай көмектер ұйымдастырылуы керек. Өзіңіз айтқандай, қазір қоғамда көптеген азаматтар Конституциялық сотты төртінші сот сатысы ретінде түсініп жүр. Сондықтан да арыздар мен шағымдар көптеп келіп жатыр. Бірі сот үкімімен келіспейді, бірі тағайындалған жазаны әділетсіз деп таниды, тағы бірі банкіден алған несиеcін жауып беруді сұрайды. Мұндай мәселелерді Конституциялық сот қарамайды. Конституциялық соттың басты міндеті, тағы да қайталайын – белгілі бір дауды шешкен кезде қолданылған заңның, басқа да нормативтік-құқықтық актінің Конституцияға сәйкестігін қарау. Сотталушы қылмыс жасады ма, жоқ па, тағайындалған жаза әділетті ме, заңсыз ба деген мәселені қарамайды. Мұны дұрыс түсінген жөн. Екіншіден, қазір кейбір заңгерлер әрбір азамат заң бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланғаннан кейін оның қандай да бір бабына күмән туындаса, Конституциялық сотқа жүгінуге құқығы болсын деген пікір айтады. Бұл дұрыс емес. Халықаралық тәжірибеде қалыптасқан үрдіс бойынша, Конституциялық сотты адам құқын қорғаудың қосымша кепілі деп қарастырған жөн. Мысалы, азамат әкімдіктің шешімін сотта даулады делік. Сот әкімдіктің шешімін қолдады. Келесі сот сатысы бұл істі алқалы түрде қарап, заңды мүлде басқаша қолдануы мүмкін. Бұл әрбір заңгердің заң жайлы түсінігі мен тәжірибесіне байланысты. Мұндай шешімдер көп. Сондықтан егер де облыстық сот заңды басқаша түсініп, қолданса, азаматтың пайдасына шешсе, онда ол заңды ары қарай дауламайды. Егер жоғары тұрған сот та заңды бірінші сатыдағыдай қолданса, азамат онымен келіспесе, заңды даулау Конституциялық сотта жүзеге асырылуы тиіс. Көптеген елде Конституциялық сотқа мұндай даулар жалпы сот сатыларынан өткеннен кейін келеді. Үкімді емес, тек заңның өзін ғана даулайды. Дау туындамаса да болашақта керек болып қалар деп, заңды әшейін тексертіп алу үшін Конституциялық сотқа жүгінуге болмайды. Заңды даулай отырып, оның салдарына да ескерген жөн. Егер заң Ата Заңға қайшы деп танылса, соның негізінде бұрын қабылданған сот шешімінің күшін жою керек болады. Ал ол заң жанадан немесе бес жыл бұрын қабылдануы мүмкін. Осы уақыт ішінде мыңдаған адам тағдырына қатысты қаншама шешім шықты. Оның бәрін қайта қараудың салдары қиын. Осындай жағдайдың алдын алу үшін заңгерлер қауымдастығының ынтымағы, біліктілігі өте қажет.

– **Сіздіңше Конституциялық соттың құзыреті жеткілікті ме?**

– Қазіргі таңда Қазақстан Конституциялық сотына беріліп отырған өкілеттіктер еліміздегі Ата Заңның жоғары тұруын, талаптарының өмірге енуін қамтамасыз ету үшін жеткілікті. Конституциялық соттың заңдарды Парламент қабылдап, Президент қол қойғанға дейін, сонымен қатар қолданыста жүрген барлық нормативтік құқықтық актілердің де Конституцияға сәйкестігін тексеруге мүмкіндігі бар. Көптеген елдерде Конституциялық соттар Прези-

дент қол қойғанға дейін заңдарды тексере алмайды. Біздің елімізде бұл органға қос мүмкіншілік беріліп отыр.

– **Конституциялық соттың тиімді жұмыс істеуі тек оның өзіне ғана байланысты емес болар?**

Бұл қоғамнан да белгілі дайындықты қажет ететіні анық. Түсіндірме жұмыстары да кең көлемде жүргізілгені жөн. Өйткені, қазірдің өзінде Конституциялық соттың соттың төртінші сатысы деп жүргендер баршылық.

– Жалпы, Конституциялық соттың құрылуы еліміздің заң құрылымдарының, заң қауымдастығының тығыз ынтымақтастығын талап етеді. Өйткені, кез келген азамат Конституциялық сотқа жүгінуге құқылы болса да, сол соттың алдына қойылатын мәселені өз бетімен қағаз бетіне түсіре алуы, құқықтық сауатының болуы шарт. Жалпы, заң талабымен неге келіспейтінін, қай жеріне қарсы екенін уәждеп өтініш жазу қарапайым азаматтың қолынан келе бермейді. Онда оған кім көмектеседі? Осы мәселе біздегі заң қауымдастығының ынтымақтаса, өзара әріптестікте жұмыс жасауын қажет етеді. Біраз елдерде азаматтар Конституциялық сотқа тек адвокатпен келеді. Ондағы мақсат – Конституциялық сотта шығарылатын мәселені қаралу сапасын қамтамасыз ету. Ол жерде тараптың еркін білдіретін заңгер болуы тиіс. Жарыспалылық болуы керек. Конституциялық соттың міндеті соны тыңдап, объективті шешім шығару. Сондықтан бұл бағытта да жү-

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Зан газеті»

САЯСИ АЛАН

Биополярлық әлемнің ыдырауы кезінде Қазақстан әлемдік саясаттың кіндігіне тап болды. Алпауыт мемлекеттердің орнында жаңа мемлекеттер пайда болып, олардың ішінде еліміз ерекшелене түсті. Тағдырдың қалауымен мұндай назарға орасан зор табиғи ресурстары бар кең байтақ территориямыз және халықтың этникалық құрамының алуандығы ғана емес, бәрінен бұрын КСРО-ның ядролық әлеуетінің айтарлықтай үлесі болуы да себеп болды.

Кеңестік империяның ыдырауы нәтижесінде Қазақстан Еуропаны Азия-Тынық мұхиты аймағымен, сондай-ақ, Ресейді оңтүстік аймақпен байланыстыратын сыртқы саяси және стратегиялық аспектілері жағынан тиімді кеңістік болды.

Қазақстанның геосаяси жағдайы мен этнодемографиялық құрамының ерекшеліктері, экономикасының және әскери құрылысының даму деңгейі оны әскери емес, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ең алдымен өз күштеріне және парасатты, теңдестірілген дипломатияға сүйенетін саяси құралы болды. Яғни, сыртқы саясатта Қазақстан өзінің геосаяси және экономикалық жағдайының ерекшеліктеріне сүйенуі керек болды.

Қазақстан Еуропа-Азия материгінің дәл ортасында орналасқан. Аумағы жөнінен әлемде 9-орында тұрған ел, 8 мыңы Ресеймен, 5 мың шақырымы

Қытаймен астасып жатқан ұзындығы 15 мың шақырым шекарасы бар. Қазақстанның теңіз шекарасының ұзындығы 1,5 мың км. Шекаралардың жалпы ұзындығы 16,5 мың км. Қазақстан Батыс пен Шығысты байланыстыратын көлік және коммуникация желілері өтетін Еуропа мен Азияның қиылысында орналасқан. Ел экспортының негізгі бөлігін шикізат (металл, май, нан, жүн) құрайды. Қазақстан өз ұстанымын ескере отырып, халықаралық аренада көпвекторлы саясат жүргізіп отыр. Оның мәні, алыс және жақын шетелдердің барлық елдерімен өзара тиімді ынтымақтастықты орнату мен дамытуда жатыр.

Сыртқы саясаттың стратегиялық міндеттері елдің мызғымастығы, тәуелсіздік принциптері, аумақтық тұтастығы және шекараларының мызғымастығы туралы іргелі ережелерді басқару болып табылады. Ең бастысы,

КӨПВЕКТОРЛЫ САЯСАТ –
ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ



Қазақстанның Еуропа мен Азияны байланыстыратын бағыттардың түйіскен аймағында орналасуы. Еліміздің ең жақын көршілері – Ресей, Қытай және Орталық Азиядағы ислам мемлекеттері. Аты аңызға айналған Ұлы Жібек Жолы Қазақстан аумағы арқылы ерте заманда өткен. Осыған байланысты әлемнің көптеген елдері Қазақстанмен жан-жақты байланыстар орнатуға және дамытуға қызығушылық танытуда. Басты мүдде – табиғи байлық, пайдалы қазбалардың орасан қоры.

Жалпы, Қазақстанда жыл сайын 1,5 миллиард тоннадан астам пайдалы қазбалар игеріледі. Әлемдік қауымдастық Қазақстанға ХХІ ғасырдағы негізгі энергия көздерінің бірі ретінде қарайды. Қазақстан мұнай, газ, көмір және уран кендерінің қоры бойынша әлемде жетекші орын алады. Сонымен қатар, республиканың ауыл шаруашылығы экспортқа жеткілікті мөлшерде астық өндіреді. Ел басшылығы өзінің сыртқы саяси қызметінің негізгі бағыттарын айқындау кезінде ең алдымен осы гео-

саяси факторлардың барлығынан пайда табуға тырысады.

БҰҰ-ның толыққанды мүшесі бола отырып, Қазақстан оның ЮНЕСКО, ЮНИСЕФ, ЭКОСОС, БҰҰ БЖКБ және т.б. сияқты ұйымдарының қызметіне белсенді түрде қосылып, бірқатар ірі халықаралық ұйымдармен: Халықаралық валюта қорымен, Халықаралық Қайта құру және даму банкі, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық. Қазақстан егемендік алған күннен бастап өзінің сыртқы саясатын көпвектор деп белгіледі. Экономикалық ынтымақтастық ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы, Орталық Азия экономикалық одағы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі интеграциялық үдерістерге белсенді түрде қатысуда. Осыған байланысты біздің еліміз үшін Қазақстанның мүдделері мен нақты және әлемдік даму динамикасын ескеретін теңгерімді және жауапты сыртқы саясатты жүзеге асыру басты міндет. Бүгінде бұған көпвекторлы дипломатия, аймақтық және өңіраралық деңгейде интеграциялық үдерістерді дамыту, ұлттық және өңірлік қауіпсіздікке қауіп-қатер мен қауіп-қатерлерді ұжымдық түрде бейтараптандыру аясында қол жеткізіліп келеді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

1 ҚЫРКҮЙЕК– БІЛІМ КҮНІ

ОҚУ ЖЫЛЫ ОЙДАҒЫДАЙ
БАСТАЛМАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар брифингте педагог лауазымына тағайындау конкурстық негізгі жайы да сөз етілді. Басқарма басшысының орынбасары бұл жайлы, 16 сағаттық нормативтік оқу жүктемесімен педагогтың бос орнына өткізілетіндігін, мұғалімдер үш жылда кемінде бір рет біліктілігін арттыру курстарына қатысуы тиіс екендігін айтты.

«МЕКТЕПKE ЖОЛ» –
МЕЙІРІМДІ ҚОҒАМ

«Мектепке жол» республикалық акциясын Қызылорда облысы бойынша ұйымдастыру жұмыстары да жолға қойылған. Жаңа оқу жылы қарсаңында көмекке мұқтаж отбасыларда тәрбиеленіп отырған 31 322 бала бар екені анықталған. Биыл аз қамтылған отбасылардың балалары үшін Міндетті оқу қоры есебінен бір реттік қаржылай көмекпен қамтамасыз ету үшін облыстық бюджеттен 1 171,4 теңге бөлінді. Бұл қаражаттар белгілі нормаларға сәйкес әр балаға 37 389 теңге көлемінде үйлестіріліп беріледі. Бұл жұмыстар ҚР Үкіметінің № 64 қаулысының өзгерістері күшіне енгеннен кейін үстіміздегі жылдың 20-25 тамыз аралығында атаналар немесе заңды өкілдердің жеке есеп шоттарына аударылды. Өнірімізде АӘК алатын отбасы балалары 13 533,

жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған – 593, басқа да санаттағы – 17 196 бала тіркелген. Бұл игі істің шарапатын көрген балалар саны өткен жылмен салыстырғанда 1451 оқушыға көбейген. Айта кетуіміз керек, Қызылорда облысында Міндетті оқу қоры есебінен 2021 жылы – 29 871 бала, 2022 жылы – 31 322 бала көмек алған. Міндетті оқу қоры жоқ жеке мектептерде атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан 192 бала білім атуда. Олардың кепілдік берілген әлеуметтік көмек алу құқығын қамтамасыз ету мақсатында ірі компаниялар арқылы қаржылай көмек көрсету қарастырылуда. Сонымен қатар, Міндетті оқу қорынан қаржыландыру талаптарына сай келмейтін, мұқтаждығы бар балаларға да жергілікті кәсіпкерлер, демеушілер есебінен көмек беру жұмыстары да жүргізілді. Тамыз айының соңғы он күндігіне дейін Қызылорда қаласы және жеті аудан бойынша 1601 балаға бюджеттен тыс қаржы көздері есебінен 18 млн 653 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілді. Бұл жайлы Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Бердаулетов ««Dalatex», жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер аз қамтылған отбасынан шыққан 400-ге жуық оқушыларды тегін формамен қамтамасыз етеді. Атап өту қажет,

облыста жеңіл өнеркәсібі саласында «Далатекс» ЖШС, «Sara-Ka» ЖШС, жеке кәсіпкер «Ac-Ka», «Ақжүрек мугедектер қоғамы» ҚБ мектеп формасын тігеді. 5 тамыздан бастап 1 ай көлемінде Қызылорда қаласында А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінің қасында қол жетімді бағада мектеп формасы жәрмеңкесі ұйымдастырылуда. Сонымен қатар, алдағы уақытта аудандарға көшпелі жәрмеңке ұйымдастыру жоспарлануда», – деді.

Жәрмеңке бағасын таразылап, әк-жейде 2000-5000 теңге, белдемше 2500-4500 теңге, сарафан 4000-4500 теңге, үштік - костюм: (жейді, шалбар/белдемше, кеудеше) 5000-10000 теңге, үштік - костюм люкс: (жейді, шалбар/белдемше, кеудеше) 16000 теңге көлемінде сатылғанын көрдік.

Бұнымен қайырымдылық істері біткен жоқ. Өңірдегі ЖШС СП «Казгермұнай», АҚ «Петро Казахстан Құмқал Ресориз», «Тұрғай Петролеум» 500-ге жуық оқушыларға жаңа оқу жылы аясында мектеп рюкзәгі мен кеңсе заттарын алып берді. Атымтай жомарт демеушілер тарапынан беретін көмекті «Ел - арай», «Арал балалары» секілді тағыда басқа қоғамдық қорлар үйлестіріп, барлық бала оқу маусымына толық дайындалуын қадағалаған.

Ш.ЖАЛҒАСБЕКУЛЫ



Максат САХМЕТОВ,
Жетісу облысының жеке сот орындаушысы

Сонымен қатар борышкер Г.Дүйсегулов талапкер А.Шаяхметоваға 500 000 тг. қарыз берешегін өтеп, борышкер М.Усенов талапкер Н.Садыковаға 300000 тг. қарыз берешегін қайтарған.

Мемлекет пайдасына өндіру туралы атқару өндірісінде 89 665 383 сомдағы, 4499 орындау ісі болған – оның 2225 атқару өндірісінің 43 067 455 сомасы толығымен орындалды, қазіргі уақытта орындауда 2274 атқару өндірісі бар, оның көлемі 46 597 928 теңгені құрап отыр. 2 борышкер әкімшілік жазаға тартылды.

Бұндай сандардың артында көптеген сот орындаушыларының табанды еңбегі жатыр. Мемлекеттің құқықтық жүйесінің пәрменді болуы жолында сот орындаушылары да осылай адал еңбек, маңдай терін төгуде.

МӘРТЕБЕ

Мемлекеттік тіл тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Өнұраны, шекарасы болатыны секілді мемлекеттік тілі болады. Демек, мемлекеттік тіл де – мемлекетігіміздің негізгі атрибуттарының бірі. Біздің Ата Заңымызда «ҚР мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп жазылған. Ал орыс тілі – ресми тіл және мемлекеттік тілмен бірдей қолданылады деп айтылған. Біз Конституция талаптарын мүлтіксіз орындауға міндеттіміз.

ҚАСИЕТТІМ, ҚАСТЕРЛІМ!

Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы. Тіл – ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-бірімен қатынаса алады. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсынұлының қасиетті қағидасына сүйенсек, Ата Заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын дұрыс жүргізудің жемісі. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы – өзіміз, Отанымыз – Қазақстан! Тіл ментгеруде ата-ананың рөлі ерекше. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. М.Шахановша айтатын болсам – қазіргі таңда өз тілін өгейсіп, «мәнгүрттеніп» жүргендер көп. Шынында, қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз жайт.

Өзге тілді ұлт мектептеріне қазақ тілін негізгі пәндердің бірі ретінде қою тілді дамытуға жасалған дұрыс қадамдардың бірі деп айтуыма болады. Себебі, жоғарыда айтып кеткенімдей, өзін Қазақстанның азаматымын деп санайтын әрбір адам мемлекеттік тілді білуі шарт.

Еліміздің тәуелсіз мемлекет болып, егемендік алуы тілі мен психологиясына оның өз мәнінде дамуына мүмкіндік берді. Бүгінгі күні мемлекеттік тілді қоғам өмірінің барлық саласына тереңдете енгізу мәселесі үлкен маңыз алып отыр. Соңғы кезде мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтуге, оның өркен жайып

дамуына ықпал ететін басты-басты қадамдар жасалуда.

«Тіл туралы» заңның қабылданғаны, оның баптарының жүзеге асырылу бағдарламаларының жасақталғаны, Мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы мектептерде қазақ тілін оқып үйретуді дұрыс жолға қою екені сөзсіз. Сол себепті, басты жауапкершілік тіл мамандары біздерге жүктеліп отыр. Ата Заңның баптарында сонымен қатар «Тіл саясатының тұжырымдамасы» мен «Тіл туралы заңда» айтылған басты мәселе мемлекет тілін дамыту.

Қазақ халқының қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы өз заманында: «Тіл байлығы – елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелі, мөлшері» – деп тайға таңба басқандай анық та айқын көрсетіп берген. Бұрынғы даналардан қалған: «Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген сөз бар. Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі, діні, ділі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да – тіл. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда.

А.ХАСЕНОВА,
Нұра аудандық сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ШАРА

ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕРДІ ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗУ ЖАЙЫ СӨЗ БОЛДЫ

Ақмола облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Раджаб Даминов дөңгелек үстел отырысында прокуратура, құқық қорғау органдары мен адвокат қауымдастығының өкілдерін жинап, алқабилердің қатысуымен істерді соттарда қарау, 2023 жылғы 1 қантардан бастап ҚПК-не енетін өзгерістерді практикада қолдану мәселелерін талқылады.

Раджаб Даминов кіріспе сөзінде Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы жолдауын жүзеге асыру мақсатында 2023 жылдан бастап алқабилердің қатысуымен қаралатын істер санатының құрамы 13-тен 32-ге дейін кеңейтінін атап өтті. «Іс жүргізуге қатысушылардың біліктілігін арттыруға және ҚПК-не енгізілетін өзгерістерді қолдануға дайындық жөнінде мәселелерін талқылауға бағытталған іс-шараларын өткізу қажет» – деді облыстық соттың алқа төрағасы.

Дөңгелек үстел барысында соттағы алқабилердің қатысуымен сот тергеуінің ерекшеліктері туралы Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты төрағасының міндетін атқарушы Ғалым Қайшыбековтың, тергеу амалдарын жүргізу кезінде қылмыстық қудалау органдарымен жіберілген бұзушылықтар туралы Көкшетау қаласының тергеу соты төрағасының міндетін атқарушы Арман Жакыповтың баяндамалары тыңдалды.

Талқылау барысында облыс прокурорының бірінші орынбасары Владимир Малахов, Полиция департаменті бастығының орынбасары Бахтияр Сүлейменов, ҰҚК-нің департаменті бастығының орынбасары Руслан Мұстафин және адвокаттар алқасының төрайымы Ғалия Ибраева сөз сөйледі.

Кездесуге қатысушылар заңнамadaғы жаңа өзгерістерге сәйкес, алқабилердің қатысуымен электронды істер бойынша техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру және кәсіби дайындық мәселелерінде өзара іс-қимыл жасауға келісті.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі

ОҢ ҚАДАМ

БІТІМГЕ КЕЛГЕН ЖАНДАР КӨП

Бүгінде медиацияның қолданыс аясы ел заңдарымен барынша кеңейтілді. Соған сай, дауласушыларды өзара бітімге келтіру шаралары соттарда белсенді жүргізілуде. Себебі, дауды тараптар келісімімен бітіру барлық жағынан тиімді. Соның арқасында күн өткен сайын елімізде татуласумен бітетін істер көбейіп келеді.

Жалпы, сотқа жүгіну арқылы өз құқығын қорғау әр адамның заңды құқығы. Дегенмен, дауласуға кететін денсаулық пен уақыт одан да қымбат. Мұны түсінген азаматтар өзара туындаған дау-жанжалды татуластыру шаралары, медиация немесе партисипативтік рәсім, сотқа дейінгі хаттама, сондай-ақ, заңдарда белгіленген өзге де тәсілдер аясында реттеуде. Азаматтық іс сотта қаралғанға дейін жасалған медиациялық келісім тараптардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға және осындай медиативтік келісімді орындамау немесе тиісінше орындамау нәтижесінде бұзылған құқықтарды қорғауға бағытталған мәмілені білдіреді.

Медиацияны сот актісін орындау сатысында жүргізудің де өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, сот орындаушысына ұсынылған медиация туралы шарт атқарушылық іс жүргізуді отыз күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады. Сот актісін орындау сатысында жасалған келісімді акті орындалатын аумақтағы бірінші саты немесе оны шығарған сот бекітеді. Бұл үшін тараптар дау-жанжалды реттеу туралы келісімді аталған соттың біріне өткізеді. Дауды реттеу туралы келісім орындалмаса, мүдделі тарап процестік заңнамалар талабымен сотқа жүгінуге құқылы.

Қалай болған күнде татуласу арқылы бітетін істердің тез шешімін тауып, тараптардың уақыты да, қаржысы да үнемделетінін байқап отырмыз. Бітімгершілік институтының тағы бір басты тиімділігі, мұнда тараптар мүддесі теңдей сақталады. Талапкер медиациялық келісімде талап арызда көрсетілгеннен баска да талаптарын қоя алады. Сот медиациясын жүргізу ақысыз және қатысушылардан ешқандай қосымша шығын талап етпейді. Сотта тараптарға дауды бітіруде ортақ мәмілеге келудің осындай артықшылықтары жан-жақты түсіндіріледі және дауды процестін барлық сатысында реттеуге жәрдем беріледі. Жалпы айтқанда, Азаматтық процестік кодекспен медиациялық келісімге келтіру уақыты ұзартылып, судьяның бұл тұрғыдағы құзыретінің одан әрі кеңейтілуі өз кезегінде медиацияның қолданыс аясын барынша арттыруға негіз болды.

Гайде МЕЗГИЛЬБАЕВА,
Бостандық аудандық
сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БАЗЫНА

БІЛІМ САЛАСЫ ӨЗ ТҰҒЫРЫНА ТҰРУЫ ТИІС

Тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері қай салада болмасын батыл қадамдар мен жаңашыл бастамалар қолға алынып, озық мемлекеттердің қатарына ену жолында айтарлықтай ірі реформалардың іске асырылып келе жатқаны ақиқат. Ел дамуындағы басым бағыттардың бірі – ғылым және оқу-ағарту саласы екендігі мәлім.

Бүгінде мемлекет пен азаматтық қоғам, халық пен билік арасындағы ықпалдастықтың өрісі кеңейіп келеді. Бұған, әрине, реформалар дәлел бола алады. Ортағасырдағы ғылым ордасының іргесін көтерген ойшыл әл-Фараби бабамыздың рухани мұрасы қазіргі жаһандану үрдісіндегі әртүрлі көзқарастар тоғысында жастардың дұрыс бағытта өсіп-жетілуіне негізгі арқау болары даусыз. Фараби философиясында көрсетілгендей адам тек білім мен

игілікті максаттар жолында қызмет етсе ғана шынайы бақытқа жетеді. Қазақ халқының рухани өмірінде өлшеусіз тер төккен Шоқан, Ыбырай, Абай, Ахметтей бабалардың шығармашылық даналығы бүгінге дейін біздің ұрпаққа құнды мұра ретінде шуағын шашып келеді.

Тарихтан белгілі, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Патша үкіметінің Қазақстандағы халыққа білім беру жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктері бүкіл ағарту саласына ықпалын тигізді.

ПӘРМЕН

Алимент өндіру – қоғамдағы ең өзекті мәселенің бірі. Ажырасқан отбасылар санының көбеюі алимент өндірумен байланысты істердің артуына тікелей әсер етіп отыр.



Бижан ҒАЛЫМЖАН,
Алматы облыстық атқарушылық
округының жеке сот орындаушысы

Көзіқарақты жұрт алименттің тек балаларға ғана төленбейтінін жақсы білсе керек. Еліміздің «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 5-бөлімі тұтастай «Отбасы мүшелерінің алименттік қатынастарына» арналған. Неке бұзылғаннан кейін көмелетке толмаған балаларға алимент өндіріледі. Сонымен қатар, көмелетке толған бала еңбекке қабілетсіз болған жағдайда да ата-анадан алимент өндірілетінін ұмытпауымыз керек. Кодекстің 145-бабында көмелетке толған балалардың ата-аналарын күтіп-бағу жөніндегі міндеттері белгіленген. Яғни, еңбекке жарамды балалар қолдауға мұқтаж ата-анасына көмектесуі міндет. Егер балалар қараусыз қалдырған жағдайда ата-анасы ұл-қызынан сот арқылы алимент өндіре алады.

Патшалық Ресейдің 1870 жылы қабылдаған «Ресейді мекендейтін бұратаналарға білім беру жөніндегі шаралар туралы» заңы қазақ халқын орыстандыруға бағытталған болатын. Осы тұста Алаш қайраткерлері оқу-ағарту және ғылым саласын басты назарда ұстады. Халықты ағарту жүйесінде бастауыш мектептер туралы және олардың қандай болуы керектігі жөнінде баспасөз беттеріне ой-пікірлерін тұрақты түрде жазып отырды. Атап айтар болсақ, М.Сералин, А. Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов сынды қазақ зиялылары қазақ халқына білім беру саласына қатысты көптеген келелі ойларын ашық түрде «Қазақ» газетіне, «Айқап» журналына жарыса жариялап отырғандығын архив деректері айғақтайды.

Қазіргі таңда да мемлекеттік тұрғыда халыққа жүйелі білім беру мен оқыту саласы бірінші кезектегі келелі мәселелер қатарында тұр. Себебі, Президент жыл сайынғы жолдаулары мен әрбір салмағы басым баяндамаларында білім мен ғылым саласына ерекше көңіл аударуды назардан тыс қалдырған емес.

АЛИМЕНТ ӨНДІРУ – АРДЫҢ ІСІ

Кодекстің 148-бабында бұрынғы жұбайдың неке бұзылғаннан кейін жарынан алимент алу құқығы дәйектелген. Заңнамаға сәйкес, неке бұзылғанға дейін еңбекке жарамсыз болып қалған, көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз адамның бұрынғы жұбайынан алимент өндіруге құқығы бар. Сондай-ақ, жүктілік кезеңінде және ортақ баласы үш жасқа толғанға дейін бағып отырған; мүгедектігі бар ортақ баланы он сегіз жасқа толғанға дейін бағып-күтуді жүзеге асырып отырған адам бұрынғы жұбайынан алимент өндіруге толық құқылы.

Десек те, осының ішінде көмелетке толмаған балаға өндірілетін алиментке қатысты істер көп. Бүгінгідей нарық заманында баланы жалғыз асырау оңай шаруа емес. Әкесі бала алдындағы парызын өзі біліп орындамаған соң, аналардың көбі алиментті сот тәртібімен өндіруге мәжбүр. Сот шешімін орындау – жеке сот орындаушыларына жүктелген. Өкінішке орай, алимент өндіруге байланысты сот шешімі шыққаннан кейін де әкелік міндетін орындаудан жалтаратындар баршылық. Жауапсыз әкелер алименттің өз ұл-қызының несібесі екенін түсінбейді. Мекенжайын өзгертіп, тапқан табысын жасырып, алиментті аз төлеу үшін түрлі құйтырқылыққа баратын әкелердің әрекетіне кейде таңғаласыз.

Тұрақты жұмысы бар, табысын жасырмайтын әкелерден алимент өндіру оңай. Ол үшін сот шешімін, бұйрығын азамат жұмыс істейтін мекеменің бухгалтериясына өткізсең жеткілікті. Есепшілер ай сайынғы жалақы, сыйақы, қосымша табыстан түскен ақшадан алимент мөлшерін ана мен баланың есепшотына аударып отырады. Ал заңға бағынбайтындарды алимент төлеуге міндеттеудің жолы қандай?

Борышкерлерге ықпал ету мақсатында алимент бойынша берешегі көп азаматтардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуына шектеу қойылады. Сонымен

Биыл Алматы қаласына арнайы ат басын бұрған Президент Қ. Тоқаев Ұлттық ғылым академиясының 75 жылдығына арналған салтанатты сессияға қатысты. Білім мен ғылым саласының жанашырлары мен майталмандары бас қосқан кенесте ол білім және ғылым министрлігін екі ведомствоға бөлуді ұсынған болатын. Халықтың бұрыннан бері көкейінде жүрген ұсыныс мақұлданып, Білім және ғылым министрлігі Оқу-ағарту министрлігі және Жоғары білім министрлігі болып екіге бөлінді. Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру, балалардың құқықтарын қорғау, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету, мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді цифрландыру саласындағы функциялары мен өкілеттіктері оқу-ағарту министрлігіне берілген.

Мемлекет басшысы Ұлытау төсіндегі ұлы құрылтай жиынында: «Қазір – ақыл-ой және дарын иелерінің заманы.

бірге рұқсаттар мен лицензияларға және көлік құралдарын айдауға уақытша шектеу қойылады. Бұдан бөлек, алимент төлеуден жалтарған жағдайда борышкер қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын да ескерген жөн. Көбінесе азаматтар көлігімен жүруге шектеу қойылып, шекарадан шығуға тыйым салынғанда қарызын есіне түсіріп, баласының алдындағы берешегінен құтылып жатады.

Дегенмен, еліміздің заңдары қашанда ана мен бала жағында. Соған орай, жауапсыз әкелерге еліміздің Қылмыстық кодексіне сай жаза белгіленген. Қылмыстық кодекстің 139-бабына сай балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамаған, еңбекке қабілетсіз ата-аналарын, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтарған, сол сияқты еңбекке қабілетсіз балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамаған азаматтарға алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Жауапсыз әкелерді темір торға тоғыту өте сирек кездеседі. Мұндағы басты себеп – жазаны ізгілендірумен, туыстар арасындағы сыйластықты суыттырмаумен байланысты. Сондықтан сот орындаушылар егер әкенің берешегі жиналып қалса, астындағы көлігін алып қойып, сатып, қарызды өндіреді. Дүние-мүлкіне тыйым салады. Сосын борышкер әкелердің Қазақстан аумағынан шығуына шектеу қояды. Алимент бойынша қарызын өтемегенше, жүргізуші куәлігінің күшін жою. Мұндай шаралардың бәрі алименттен жалтарып жүрген әкелерге ой салары анық. Жалпы, борышкер әкелерді абақтыға қамап қойғаннан гөрі, алиментті уақытында төлеп тұруға түрткі болатын шараларды қабылдау тиімдірек.

Қазақстан да осы көштен шет қалмауға тиіс. Озық білім мен қажырлы еңбекті ұштастыра білсек ғана, еліміз өсіп-өркендейді. Көздеген мақсатына жетеді. Халқымыз қанағатшыл, үнемішіл, өнертапқыш болуға ұмтылуы керек» дей келе, осындай жақсы қасиеттер әрбір азаматтың асыл мұратына айналуы қажеттігін айтып өтті.

2021 жылғы үкімет отырысында министр 2025 жылға қарай мемлекеттік грант иегерлерінің саны артып, студенттердің шәкіртқақысы екі есе өсетіндігін мәлімдеген болатын. Бұл да бір үлкен қуантарлық жағдай.

Жоғарыда айтып өткен өзгерістер мен жаңашыл реформалар саналы да терең білімге азаматтарды даярлауда оң әсерін тигізетініне сенім мол. Бұл максатта білім мен ғылымның іргетасын қалап кеткен ұлт зиялыларының өнегелі жолынан айнымай, ұлт мүддесіне сай ұрпақ тәрбиелеу міндет.

Берікбай ЕЛТАЙҰЛЫ,
ұстаз

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Нұрбек Ақпанбетов» ЖШС (200140001101) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қ.Пірімов көшесі, 7 үй.

5. «Интер-Авто ДК» ЖШС, БСН 030840002416, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай қаласы, Л. Беда көшесі, 126, тел. 8-7142-28-10-40.

6. «Мұқыр» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативі, БСН 170240012291, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Қызылорда облысы, Маштөке ауданы, Мұқыр ауылы, М.Сидәғалиева көшесі, 4 үй.

9. «Zholaman Trade Group» ЖШС, БСН 210840000140, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру

жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Рахат ауылы, «Мерей» шағынауданы, 45 көше, 130 үй, тел.: 87755200138.

ӨРТҮРЛІ

3. «Селденқорғау құрылыс» ШЖҚ РМК кәсіпорынның еңбекақы және іссапар шығыстары бойынша берешегі бар кредиторлар тізіліміне енгізілген бұрынғы барлық жұмыскерлерден 2022 жылғы 20 қыркүйекке дейінгі мерзімде есептік шоттардың бар екендігі туралы анықтаманы мына электрондық мекенжайға жіберуді сұрайды: skk.mchs@mail.ru. Байланыс телефондары: + 7 707 807 8822; +7 708 670 9169; +7 701 277 2556.

7. «STAR микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 090240011325, ерікті түрде «Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» РММ-не, ҚР ҰБ-не шағын қаржылық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияның әрекетін тоқтату туралы жүгінеді. Лицензия нөмірі: 02.21.0071.М. Берілген уақыты: 13.04.2021 ж.

8. «STAR микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 090240011325, өз

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,(8708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,(8747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел. 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: 8(7282) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абайлы хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупная көшесі, 61, кеңсе 23.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы газеттің №68 санында)

– Жарайды рақмет, сен енді оны неге сұрап отырғанымды байқап отырған боларсың. Ол досыңның соңында үлкен сұраныс бар. Екеуміздің кездескенімізді ешкім білмеу керек. Егер мен Астанаға барғанша оған дабыл түсетін болса сенің тарапыңнан түсті деп есептеймін. Онда саған да қиын болады. Сондықтан сен ештеңе білмейсің. Ақпаратты сенен алдым деп мен де ешкімге айтпаймын.

– Жарайды, – деді Ерғали. Жанғали Қызылорда облыстық Ішкі істер департаментіне келіп, операцияны тікелей бақылап отырған бастығына барлық жағдайды баяндады.

– Дұрыс болған екен, яғни, оның Астанада екені анық қой? – деді департамент бастығының орынбасары полиция полковнигі Әлімхан Әбжанов.

– Досының дерегі бойынша Астанада, бірақ досы Астанадан кеткеніне үш ай болған, сол уақыттан бері хабарласпаған. Астанадан басқа жаққа кетіп қалуы да мүмкін. Алайда, Астанадағы немере ағасымен міндетті түрде кездесуіміз керек. Нақты деректі сол арқылы ғана алуға болады.

Әбжанов қолындағы қаламымен үстелдің үстін тықылдатып сәл ойланып отырды да Жанғалиға қарап:

– Ерғали досына дабыл түсіріп, ол ізін жасырып үлгірсе ше? Не дегенмен бала кезінен бірге өскен досы ғой, жамандыққа қия ма?

– Жоқ, ол дабыл түсіре алмайды. – Бұған сенімдісің бе? – Сенімдімін. – Олай болса Астанаға тарт, қасыңа адам аласың ба? – Жоқ, қажеті жоқ, тәуекел, өзім кете беремін.

– Онда жолың болсын, іске сәт! – деп орнынан тұрып қолын ұсынды.

Жанғали іссапар құжаттарын рәсімдеп алды да, сол күні Астанаға жолға шықты. Астананың шетіндегі Қосшыдан Сырлыбайдың үйін оңай тауып алды. Сырлыбайдың өзі үйінде жоқ, әйелі бар екен.

– Мен Қызылорда облысы, Жалағаш аудандық Ішкі істер бөліміндегі жедел іздестіру бөліміненмін, – деп куәлігін көрсетті Жанғали.

– Сізге кім керек? – деді келіншек, өзін тым салмақты ұстағанымен көзіндегі үрейді жасыра алмады.

– Мынау менің телефон нөмірім, күйеуім менімен хабарлассын және жедел хабарлассын. Егер хабарласпаса жағдай қиын болады,– деді Жанғали қолындағы өзінің телефон нөмірі жазылған бір тілім қағазды келіншекке ұсынып.

– Жарайды, – деп аң-таң күйде қала берді келіншек.

Бұл 2007 жылдың қаңтар айының соңы еді, күн суық. Қосшыдан шығып үлкен жолдың бойынан автобуска мінгенде телефоны шырылдай жөнелді. Алып еді, Сырлыбай екен. «Ассалаумағалейкүм аға, Сырлыбай деген жігітті іздеп жүр екенсіз, сол жігіт мен боламын. Менен сізге не керек?» – деді трубкадағы дауыс. «Сырлыбай, бауырым екеуміз кездесуіміз керек» – деді бұл. «Онда темір жол вокзалының маңында «Астра» деген кафе бар, сол жерге келіңіз. Мен жарты сағатта сол жерде боламын» – деді Сырлыбай.

Жарты сағатта Сырлыбай да келді. Екеуі оңашалау бір үстелге жайғасты.

– Не ішесіз? – деді Сырлыбай.

– Шай ішейік, бір пәрнек шай алдырсаң болады, шай ішіп отырып әңгімелесейік.

Амандық-саулық, таныстық-білістіктен кейін, болған жағдайдан Сырлыбайды хабардар етіп, Жанғали мәселені төтесінен қойды.

– Бауырым, біріншіден сен адам өлтірген жоқсың, сен қылмыскер емессің. Бірақ кісі қанын мойнына жүктеген қылмыскерлер саған келіпті. Сен олар-

ды жұмысқа қойыпсың. Олар қалай болғанда да, ерте ме, кеш пе ұсталады. Сол кезде сен де қоса кетесің, қызметіңнен айырыласың. Екіншіден сенде шегінетін жер жоқ. Мыналарды бересің, я болмаса мен ертең бастығыңа кіремін.

Сен, әрине, олар туралы білмейсің, оны түсінемін. Дегенмен, сен де погон

бірақ сенің тарапыңнан оларға ақпарат берілмей ме?

– Жоқ, аға, бермеймін, оған сеніңіз. Менің басымның, отбасымның дауға қалғанын қаламаймын. Мен келісім бойынша сіздің айтқаныңызды орындадым, енді мені мазаламаңыздар. Әрі қарай қалай ұстауды өзіңіз білесіз,

ОПЕР



таққан жігіт екенсің, әрі қызылордалықсың, сондықтан құрметтеймін. Саған жаным ашығаннан айтып отырымн. Ертең наныңнан айырылып қаласың. Олар бір шаңырақты шулатып кеткен адамдар. Сондықтан жағдайды түсінуің керек, оларды беруің керек маған. Сенде басқа жол жоқ.

Сырлыбайда расында шегінетін жер жоқ еді. Шылымын тұтатып, көк түтінді құшырлана сорды.

– Аға, жарайды, мен сізге олардың қайда екенін көрсетемін, бірақ өзіңіз алып кетесіз. Мен де бір кісілердің айтуымен ол жігіттерді апарғанмын. Бір абыройлы, үлкен кісінің үйінде іт бағады, сол кісінің алабай итеріне күтім жасайды. Екеуі де сол жерде. Сол кісіге жігіттерді алып барып тапсырдым, анда-санда хабарласып тұрады, бірақ етене араласпаймын. Олардың кісі өлтіргенін мен білмеймін, бұдан кейін полициялар менің үйімді қоршап жүрмесін, ағатай, – деді Сырлыбай.

– Болды, келістік, әңгіме жоқ, тұрып жатқан жерін көрсет. Саған титтей де залал келмейтініне мен кепіл, сенің атың да аталмайды.

Бұлар кафеден шыққанда түннің бір уағы болыпты. Жанғали сағатына қарап еді, он бірден кетіп барады екен. Бұлар Сырлыбайдың машинасына мініп алып, он бес-жиырма минуттай жүріп, «Он үшінші магистраль» деген шағынауданға келді. Көлігін сол жерге тоқтатты. Оң жақта үлкен екі қабатты зәулім үй тұр. Ат шаптырым аула, сырты тас қорған. Әлгі зәулім үйдің алдында бір қабатты ұзын барак секілді әсем қызыл кірпіштен салынған және бір үй тұр. Сырлыбай осы бірқабатты үйді көрсетіп:

– Міне, осында тұрады. Осы жерде жиырма шақты алабай ит бағады. Олар мына мықтының пәленбай мың теңге ақша тігіп, төбелестіретін иттері.

– Шын айтып тұрмысың, екеуі де осында ма?

– Шыным, екеуі де осында жатады.

– Ал, бауырым, көрсетуін көрсеттің,

бірақ бұл үйде мықты адамдар тұрады, байқаныз, өзіңіз күйіп кетпеңіз, – деді Сырлыбай.

– Жаксы, бауырым, рақмет ескерткеніне, мен бір-ақ жағдайда сені тартамын. Егер олар осы үйде болмаса.

– Біліп берейін бе?

– Біліп бер. Сырлыбай телефон соғып, танысымен сөйлесті. Сосын Жанғалиға қарап:

– Үйде, міне сөйлесіп отырмын, – деді Сырлыбай әбіржүлі кейіппен.

– Болды, бауырым, рақмет, сен қолыңнан келгенін істедің. Енді уайымдамай, жұмысыңды істей бер. Еш жерде сенің атың аталмайды.

Сырлыбай өз жөнімен кетті. Жанғали пөтеріне келді. «Таңғы тәтті ұйқының кезі дұрыс болар, адам аяғы саябыр. Ешкім көшеге шыға қоймас, атғыс бола қалса да басқаларға зияным тимейді» – деп ойлады. Сағат алтыларда барып, үстінен баспақшы болды. Оған дейін біраз уақыт бар. Сыртқы кәстөмін шешіп, орындықтың басына ілді. Партупейін ажыратып, тапаншасын жастығының астына қойды да, көз шырымын алмаққа жастыққа қисайды.

Таңғы сағат бесте сыртқа шыққанда таңғы аяз шытырлап тұр екен. Тапсырыс беріп қойған таксиге мініп алды да, нысанаға келді.

– Бауырым, мен осы жерден қаламын, жұмыстарым біткесін хабарласамын, байланыста болайық, – деді жүргізушіге ақшасын беріп жатып.

Биіктігі кісі бойынан асатын үлкен әшекейлі дарбазаның сыртындағы қоңырауды басты. Сәлден соң ішкі жақтан үйдің есігі ашылып, тырпылдап келе жатқан аяқ дыбысы естілді де, үлкен кісінің шарылдаған дауысы естілді.

– Әй, бұл кім-әй, бұ қайсысың таң атпай, адамға тыныштық тырпылдап ғой. Сөзінің жартысын орысша, жартысын қазақшалап жетпіске таяп қалған бір қария ашты есікті.

Жанғали куәлігін көрсетті.

– Аға, ассалаумағалейкүм, қуатты барсыз ба, ішкі істер бөлімінен, же-

дел іздестіру бөлімінен аға лейтенент Жанғали Ботабаев. Осында бір азаматтар бар екен, жолықсам бола ма?

Қария бұған ежірейе қарады. Сосын қазақ тілі мен орыс тілін қойыртпақтап: – Стоять! Мальчик, ты куда прешь, а?! Кто ты такой, ну что угрозыска?! Сен өзің қайда келіп тұрғаныңды білемісің?– деді Жанғалиға.

– Аға, мазалағаныма кешіріңіз әрине, мен енді жұмыс бабымен жүр едім. Тапсырма осылай, осы жердегі азаматтармен бір-екі ауыз сөйлессем болды, – деді Жанғали қарияны сабырға шақырып.

– Ты, цыпленок, слушай, бір бала верховный сотта, бір бала генпрокура-турада, бір бала МВД-да, так што аулақ

жіберді. Анау шалкалап барып, артында тұрған ас ішетін үстел, шақпартға соғыла құлады. Үстел үстіндегі кесе-шәйнектер, тәрелке, қасықтар салдырлап, жерге түсті. Осы кезде Бақытжанның қолына да кісен салып үлгірді. Сосын барып тіл қатты.

– Таңғы сағат бесте адам жайдан-жай жүретін бе еді, бір үйдің ойранын шығарып, «Жай ма?» деп сұрайсындар тағы, – деді де куәлігін көрсетті. – Жалағаш аудандық Ішкі істер мекемесінен, жедел іздестіру бөлімінің уәкілі, аға лейтенант Жанғали Ботабаев. Сендерді тұтқындауға прокурордың санкциясы бар, сендер тұтқындалдыңдар. Қашам деп әуре болмаңдар, ондай жағдайда жағдайларың мүлде қиындайды.

Жанғали тапаншасын алып, екеуінің желкесіне тақады. «Егер кішкентай артық қимыл болса атып тастаймын» – деді де, 102-ге телефон соғып, «Маған жедел көмек керек» – деп, мекенжайды айтты. Обалы не, бес-он минутта шамдары жарқылдап, ойбайлатып, полициялар да жетті. Жеке куәліктерін алып, тексергенде қылмыскерлердің нақ өзі болып шықты. Сол жерде рәсімдеу жүріп, тұтқындарды жергілікті полицияға тапсырып, олар этаппен Қызылордаға жөнелтетін болды.

Бұлар өстіп жанталасып жатқанда қария да, «Мұнда бір банды кіріп кетті, угрозыскаданмын дей ме, мені тыңдамайды» – деп балаларына телефон соғып, дүрліктіріп жатқан. Сірә дөкей балаларының бірі болу керек, жалтыраған дәу кара машина келіп үйдің алдына тоқтады да, ішінен орта бойлы, жасы қырықтың үстіне шыққан, азаматтық формадағы жігіт ағасы түсіп, бұларға беттеді. Жергілікті полиция қызметкерлері әлгі жігітке құрақ ұша амандасып, әскери тәртіппен оң қолдарын шекесіне апарып, сәлемдесіп жатыр. «Ее, қарияның дөкей баласының бірі болды ғой» – деп ойлаған Жанғали куәлігін көрсетіп, жағдайды қысқаша баяндады.

– Аға, мына қылмыскерлер осы жерден табылып, ұсталды, тұтқындауға прокурордың санкциясы бар, қариямен арамызда шамалы түсінбеушіліктер болып жатыр, айып етпеңіз, бұлар мойнына кісі қанын жүктеген адамдар, – деді. – Інім, түсінемін, оқасы жоқ, бұл сіздердің жұмыстарыңыз ғой. Мына жер шумный болып кетті-ау, жүр былайырақ шығып сөйлесейікші, – деп Жанғалиды аулақа қарай икемдеді.

Осы кезде бұлардың жанына қария да келіп қалды.

– Осы бала, тәртіпсіз, мені тіпті тыңдайтын емес. Сөйлесіп, бұндай бөкмұрындарды басындырмай, орнына қойып қою керек.

Баласы қарияның сөзін үзіп жіберді. – Папа, бұл олардың қызметі, сіз араласпаңызшы, барыңызшы, үйге кіріңізші, өзім сөйлесемін қазір.

Аулағырақ шыққасын, Жанғалидың қолтығынан алып:

– Інім мен бәрін түсінемін, сіздердің жұмыстарыңыз, жарайсың, мынадай тапсырмаларды бір өзің атқарып жүр екенсің. Опер деген осындай болу керек, өзің сияқты азаматтарды өсіру керек қой. Екеуміз әріптеспіз, саған бір өтініш, бұларды бұл жерден алдық деп айтпай-ақ қой, басқа жерден ұстадық дерсің, – деді.

– Жарайды, аға. – Онда келістік, жаксы, егер көмек керек болса жергілікті полицияға хабарласа беріңіз. Қажетті көмек көрсетеді, жарайды інім, жолың болсын...

Жанғали осылайша екі қылмыскердің соңында төрт-бес ай жүріп, алдыры құрықтаған. Кейін бұл екі қаныпезер сотталып, әділ жазасын алды. Сот оларға 18 жыл бас бостандығынан айыруға үкім шығарды. Бір өкініштісі олар сотталғанымен өлген адам қайтып келмейді. Осы бір қанқұйлы қылмыс, мазасыз күндер Жанғалидың да есінен кетпейді.

Тұрақ АДИСҰЛЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. Түркістан облысы Сейтхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үйі.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №125 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31